

Қазақстан Республикасының Су Кодексі

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі N 481 Кодексі

Мазмұны

1-БӨЛІМ. Жалпы ережелер

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органның", "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органмен", "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті орган", "жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті орган", "жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті органның", "жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті органмен", "жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздер тиісінше "жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның", "жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен", "жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган", "жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның", "жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен", "жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органға", Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органымен", "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының", "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі орталық атқарушы органы", "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы", "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органына" деген сөздер тиісінше "қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен", "қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның", "қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган", "қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2007.01.09 N 213 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), бүкіл мәтін бойынша "су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган", "су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органмен", "су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органның", "су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органға" "су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органда" деген сөздер тиісінше "уәкілетті орган", "уәкілетті органмен", "уәкілетті органның", "уәкілетті органға" "уәкілетті органда" деген сөздермен ауыстырылды - 2009.02.12 N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

Ескерту. Мазмұнға өзгерту енгізілді - ҚР 2009.02.12 N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша «жануарлар мен өсімдіктер» деген сөздер «өсімдіктер мен жануарлар» деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1-тарау. Негізгі ережелер

1-бап. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

- 1) ағын су - ойпаңды жер бетінде ылдиға құлай аққан судың қозғалысымен сипатталатын су объектісі;
- 2) акватория - табиғи, жасанды немесе шартты шекаралармен шектелген су кеңістігі;

3) ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері - су тұтынушылар үшін ауыз сумен жабдықтаудың олардың ауыстырылуы мүмкін емес және мақсатқа сай келмейтін бірден-бір көздері;

4) басқарудың бассейндік принципі - өзендердің, көлдердің және басқа да су объектілерінің бассейндері шегінде су ресурстарын әкімшілік-аумақтық бірліктер арасында бөлу кезінде іске асырылатын су қорын гидрографиялық белгілер бойынша басқару;

5) гидромелиорациялық жүйе - жерді суаруға, суландыруға және құрғатуға арналған технологиялық жағынан өзара байланысты гидротехникалық құрылыстар, құрылғылар мен жабдықтар кешені;

6) гидромелиорациялық кондоминиумге қатысушылар - ортақ үлестік меншік құқығындағы гидромелиорациялық кондоминиумнің құрамына кіретін бір гидромелиорациялық жүйемен немесе оның элементтерімен суарылатын жеке меншік немесе уақытша өтеулі пайдалану құқығында жер учаскесі бар жеке және (немесе) заңды тұлғалар;

7) гидротехникалық құрылыстар - су ресурстарын басқару, су пайдаланушыларға су беру, сумен жабдықтау және су бұру, судың зиянды әсерінің алдын алу үшін пайдаланылатын инженерлік құрылыстар;

8) жағалау белдеуі - экологиялық талаптарды сақтай отырып, навигациялық белгілер мен жабдықтарды орнатуға арналған су объектілері жағалауының бойындағы жағалау жиегінен ені жиырма метр құрлық белдеуі;

9) жағалау жиегі - су объектісі жағалауының судың барынша көтерілуі (лық толуы) нәтижесінде пайда болатын жиегі;

10) жер асты суларының бассейні - жер қойнауында орналасқан су тұтқыш жиектер жиынтығы;

11) жер асты суларының көздері мен учаскелері - шегінде жер асты суларын шығару мен алу үшін қолайлы жағдайлары бар су тұтқыш жиектердің бөліктері;

12) жер асты шаруашылық-ауыз сулары - өзінің табиғи жай-күйіндегі немесе өңделгеннен кейінгі сапасы бойынша нормативтік талаптарға сай келетін және адамның ауыз суға және тұрмыстық қажетіне, не ауыз су өнімдерін өндіруге арналған жерасты сулары;

13) жер үсті су объектілері - шекарасы, көлемі мен су режимі бар, құрлық бетінде оның бедері нысанында сулардың тұрақты немесе уақытша жинақталуы;

13-1) коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган - елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

14) қайтарымды сулар - суармалы аумақтардан ағатын жер асты және жер үсті сулары немесе өнеркәсіп орындары, тұрмыстық сумен жабдықтау құрылғылары және коммуналдық кәсіпорындар ағызатын сулар;

15) құбырлы сүзгіш құдық - су тұтқыш тау-кен жынысына оларды сорғыту мақсатымен бекітілетін бірқатар тесіктері бар құбыр кесіндісі;

16) мелиорацияланған жерлер - мелиорациялық іс-шаралар жүргізілген жерлер;

17) минералды жерасты сулары - өзінің құрамы және (немесе) кейбір ерекше компоненттерінің мөлшері бойынша оң бальнеологиялық әсер ететін жерасты сулары;

18) өзендерге теңестірілген каналдар - суды бір бассейнден екіншісіне, сондай-ақ бір өзен жүйесінен екіншісіне ауыстыруға арналған жасанды құрылыстар;

19) өндірістік-техникалық жерасты сулары - өзінің сапасы мен физикалық қасиеттері бойынша өндірістік-техникалық сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін жерасты сулары;

20) санитарлық қорғау аймағы - су сапасы нашарлауының алдын алу үшін сумен жабдықтау көзін (ашық және жер асты), су құбыры құрылыстарын және оларды қоршаған аумақты қорғау мақсатында белгіленген режим сақталуға тиіс сумен жабдықтау көзі мен су құбыры құрылыстарының төңірегінде арнайы бөлінетін аумақ;

21) сарқынды сулар - адамның шаруашылық қызметі нәтижесінде пайда болатын немесе табиғи немесе жасанды су объектілеріне немесе жер бедеріне ағызып жіберілетін ластанған аумақтағы сулар;

22) суару каналы - суару көздерінен суаруды қажет ететін учаскелерге су тасымалдауға арналған жасанды құрылыс;

23) су бұру - сарқынды суларды жинауды, тасымалдауды, тазартуды және су бұру жүйелері

арқылы су объектілеріне және (немесе) жер бедеріне бұруды қамтамасыз ететін іс-шаралардың жиынтығы;

24) су бұру жүйесі - сарқынды суларды жинауға, тасымалдауға, тазартуға және бұруға бағытталған инженерлік желілер мен құрылыстардың кешені;

25) су бөлу орны - су пайдаланушы су көзінен су алатын орын, сондай-ақ, су пайдаланушы су тұтынушыға су ресурстарын беретін орындағы гидробекет;

26) су жинау алаңы - шекарасы шегінде су объектісінің су ресурстары қалыптастырылатын аумақ;

27) су жіберу - ағын судың төменгі учаскесіндегі су шығынын немесе деңгейін немесе су қоймасының өзіндегі судың деңгейін реттеу үшін су қоймасынан суды кезең-кезеңмен немесе мезгіл деп беру;

28) су қорғау аймағы - судың ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбау үшін шаруашылық қызметінің арнайы режимі белгіленетін су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарына іргелес аумақ;

29) су қорғау белдеуі - шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленетін, су объектісіне іргелес жатқан су қорғау аймағы шегіндегі ені кемінде отыз бес метр аумақ;

30) су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - елді мекендер шегінен тыс жерлерде су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы басқару мен бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

31) су қорының жерлері:

су объектілері (өзендер және соларға теңестірілген каналдар, көлдер, су қоймалары, тоғандар және басқа да ішкі су айдындары, аумақтық сулар, мұздықтар, батпақтар) және су көздеріндегі ағысты реттеуге арналған су шаруашылығы құрылыстары алып жатқан жерлер;

су объектілерінің су қорғау белдеулеріне бөлініп берілген жерлер;

ауыз сумен жабдықтаудың су тарту жүйелерінің санитарлық қорғау аймақтарына бөлініп берілген жерлер;

32) сулар - су объектілерінде жинақталған барлық сулардың жиынтығы;

33) сулардың зиянды әсері - су тасу, су басу, топан су басу мен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындауына немесе олардың пайда болуы қатеріне негіз болған сулардың өзге де теріс әсер етуі;

34) сулы-батпақты алқап - батпақты, фенді, шымтезекті пайдаланатын жерлер ауданы немесе тереңдігі судың қайтуы кезінде алты метрден аспайтын теңіз акваторияларын қоса алғанда, табиғи немесе жасанды, тұрақты немесе уақытша, ағынсыз немесе ағынды, тұщы, тұздылау немесе тұзды су қоймалары;

35) сумен жабдықтау - суды жинауды, сақтауды, дайындауды, беруді және сумен жабдықтау жүйесі арқылы су тұтынушыларға таратуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жиынтығы;

36) сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелері - басымдылығы мен әлеуметтік маңыздылығы бар және Қазақстан Республикасының Үкіметі сумен жабдықтаудың ерекше маңызды жүйелерінің санаттарына жатқызған ауыз сумен жабдықтаудың топтық және оқшау жүйелері;

37) сумен жабдықтау жүйесі - суды жинауға, сақтауға, дайындауға, беруге және оны тұтыну орындарына таратуға арналған инженерлік желілер мен құрылыстар кешені;

38) су объектілерін қорғау - су объектілерін сақтауға, қалпына келтіруге және ұдайы молайтуға, сондай-ақ судың зиянды әсеріне жол бермеуге бағытталған қызмет;

39) су объектілерін пайдалану - жеке және заңды тұлғалардың материалдық немесе өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін су объектілерінің пайдалы табиғи қасиеттерін алу;

40) су объектісінің бассейні - гидравликалық жағынан байланысты су айдындары мен ағын сулардың су жинау алаңдарын қамтитын аумақ;

41) су пайдалану - жеке және заңды тұлғалардың өз мұқтаждарын және (немесе) коммерциялық мүдделерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен су ресурстарын пайдалану;

42) су пайдаланушы - өз мұқтаждарын және (немесе) коммерциялық мүдделерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен су ресурстарын пайдалану құқығы берілген жеке немесе заңды тұлға;

- 43) су режимі - су объектілері мен топырақ қабатындағы су деңгейінің, шығыстары мен көлемінің уақытқа қарай өзгеруі;
- 44) су сервитуты - су объектісін шектеулі пайдалану құқығы;
- 45) су тарту құрылысы - су объектілерінен су алуға арналған құрылыстар мен құрылғылар кешені;
- 46) су торабы - бір тұстамада орналасқан әртүрлі мақсаттағы технологиялық байланысқан гидротехникалық құрылыстар тобы;
- 47) су тұтынушы - су объектілерінен су тұтынушы немесе су шаруашылығы ұйымдарының қызметтерін пайдаланушы және сумен жабдықтау жүйелерінен су алушы жеке немесе заңды тұлға;
- 48) су үнемдеу - су ресурстарының ұтымды және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ететін шаралар жүйесі;
- 49) су шаруашылығы - су объектілерін пайдалануға, қорғауға және ұдайы молайтуға байланысты экономика саласы;
- 50) су шаруашылығы жүйесі - өзара байланысты су объектілері мен гидротехникалық құрылыстар кешені;
- 51) су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздігі - су шаруашылығы жүйелері, құрылыстары элементтерінің адамдардың өмірін, денсаулығын және заңды мүдделерін, қоршаған табиғи орта мен шаруашылық объектілерін қорғауды қамтамасыз ететін өзіндік ерекшеліктері;
- 52) су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету - су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстары авариялары туындауының алдын алу жөніндегі шараларды әзірлеу және жүзеге асыру;
- 53) су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстары қауіпсіздігінің өлшемдері - су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстары аварияларының туындау қатерінің жол берілетін деңгейіне сәйкес келетін су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстары жай-күйінің техникалық көрсеткіштерінің және оларды пайдалану шарттарының шекті мәні;
- 54) су шаруашылығы құрылыстары - су ресурстарының пайдаланылуы мен қорғалуын реттеу, сумен жабдықтау, су бұру және судың зиянды әсерін жою мақсатында жасанды түрде құрылған гидротехникалық құрылыстар мен қондырғылар;
- 55) су шаруашылығы ұйымдары - қызметі суларды реттеумен, жеткізумен, ұдайы молайтумен, сумен жабдықтаумен, су бұрумен және су объектілерін пайдаланумен байланысты заңды тұлғалар;
- 56) тау-кен жыныстарының су тұтқыш аймақтары, жиектері мен кешендері - тау-кен жыныстарының жарықтары мен кеуек қуыстарында жинақталған және гидравликалық байланыстағы сулар;
- 57) трансшекаралық әсер - табиғи көзі шектес мемлекеттің немесе көршілес мемлекеттердің аумағында толық немесе ішінара орналасқан трансшекаралық сулардың адамның қызметінен туындайтын сандық немесе сапалық жағынан өзгеруі нәтижесінде пайда болатын зиянды зардаптар;
- 58) тұстама - су торабының құрылыстары орналасқан өзен учаскесі;
- 59) шахта құдығы - сумен жабдықтау, тау-кен жыныстарын құрғату және жер бетінен атмосфералық және жер үсті суларын бұру мақсатында жерасты суларын алу үшін құрылған тереңдігі көлденең кесігінен үлкенірек тік тау-кен қазындысы;
- 60) шегендеу құрылысы - табиғи жолмен шығып жатқан жерасты суларының ашылуын және пайдалану мақсатында олардың жер бетіне шығарылуын қамтамасыз ететін инженерлік-техникалық құрылыс.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.02.12 N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2009.07.10. N 180-IV, 2011.07.22 № 479-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының су заңдары

1. Қазақстан Республикасының су заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Кодекстегіден өзгеше ережелер белгіленген болса, халықаралық шарттардың ережелері қолданылады.

3-бап. Қазақстан Республикасы су заңдарының мақсаттары мен міндеттері

1. Қазақстан Республикасы су заңдарының мақсаттары халықтың және қоршаған ортаның тіршілік жағдайларын сақтау мен жақсарту үшін су пайдалану мен су қорын қорғаудың, сумен жабдықтаудың және су бұрудың экологиялық қауіпсіз және экономикалық оңтайлы деңгейіне қол жеткізу және қолдау болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы су заңдарының міндеттері:

- 1) су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу;
- 2) су қатынастарын, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы қатынастарды реттеу;
- 3) тұрақты су пайдалануды және су қорын қорғауды, сумен жабдықтауды және су бұруды қолдау мен дамытудың құқықтық негіздерін қамтамасыз ету;
- 4) су қорын пайдаланудың және қорғаудың, сумен жабдықтаудың және су бұрудың негізгі принциптері мен бағыттарын айқындау;
- 5) су ресурстарын зерттеу, барлау, ұтымды және кешенді пайдалану мен қорғау, гидромелиорациялық жүйелер мен су шаруашылығы құрылыстары саласындағы қатынастарды басқару;
- 6) жерді гидромелиорациялауды дамыту бағыттарын айқындау;
- 7) халықты және шаруашылық объектілерін су шаруашылығы құрылыстарындағы төтенше жағдайлардан және олардың зардаптарынан қорғау.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.02.12 N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

4-бап. Қазақстан Республикасының су қоры

Қазақстан Республикасының су қоры Қазақстан Республикасының аумағы шегіндегі мемлекеттік су кадастрына енгізілген немесе енгізілуге тиіс барлық су объектілерінің жиынтығын қамтиды.

5-бап. Су объектілері

Шекарасы, көлемі мен су режимі бар құрлық беті бедерлеріндегі және жер қойнауындағы су шоғырланымдары Қазақстан Республикасының су объектілеріне жатады. Олар: теңіздер, өзендер, соларға теңестірілген каналдар, көлдер, мұздықтар және басқа да жер үсті су объектілері, жер асты сулары бар жер қойнауының бөліктері.

6-бап. Су ресурстары

Қазақстан Республикасының су ресурстары су объектілерінде жиналған, пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін жер үсті және жер асты суларының қорлары болып табылады.

7-бап. Су қорының жерлері

1. Су қорының жері мемлекет меншігінде болады.
2. Ауданаралық (облыстық) және шаруашылықаралық (аудандық) маңызы бар су шаруашылығы

құрылыстары (суару және сорғыту жүйелері) орналасқан су қорының құрамындағы жер учаскелері, сондай-ақ бір шаруашылық жүргізуші субъектінің жер учаскесіне қызмет көрсететін ирригациялық құрылғылар, аталған құрылыстар жекешелендірілген жағдайда, азаматтардың және Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларының жеке меншігінде болуы мүмкін.

3. Осы баптың 2-тармағында аталған екі немесе одан көп жер учаскелерін меншіктенушілерге немесе жер пайдаланушыларға қызмет көрсететін жер учаскелері оларға ортақ меншік немесе жалпы жер пайдалану құқығымен табысталады.

4. Су қорының жерін меншікке немесе жер пайдалануға беру тәртібі Қазақстан Республикасының жер туралы заң актісімен реттеледі.

Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.09. N 213 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

8-бап. Қазақстан Республикасының су қорына меншік құқығы

1. Қазақстан Республикасының су қоры айрықша мемлекеттік меншікте болады.

2. Су қорын иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады.

3. Су объектілеріне мемлекеттік меншік құқығын бұзған жеке және заңды тұлғалардың іс-әрекеттерінің күші болмайды және ол Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.

9-бап. Қазақстан Республикасы су заңдарының принциптері

Қазақстан Республикасының су заңдары мынадай принциптерге негізделеді:

- 1) халықтың өмірі мен қызметінің негізі болып табылатын сулардың мемлекеттік маңызын мойындау;
- 2) халықты ауыз судың қажетті мөлшерімен және кепілді сапасымен бірінші кезекте қамтамасыз ету;
- 3) халықтың суға әділ және теңдей қол жеткізуі;
- 4) су алуды азайтуға және судың зиянды әсерін кемітуге мүмкіндік беретін қазіргі заманғы технологияларды игеріп, кешенді және ұтымды су пайдалану;
- 5) су объектілерін оларды қорғаумен қоса кешенді пайдалану;
- 6) арнайы су пайдаланудың ақылылығы;
- 7) Қазақстан Республикасының су заңдарын бұзудан келтірілген залалды өтеу;
- 8) Қазақстан Республикасының су заңдарын бұзғандық үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығы;
- 9) су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі міндеттерді шешудегі жариялылық және оларға жұртшылықты тарту;
- 10) Қазақстан Республикасы су қорының жай-күйі туралы ақпараттың қолжетімділігі;
- 11) халықаралық нормалар мен Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардың негізінде трансшекаралық суларды пайдалану.

10-бап. Қазақстан Республикасының су және өзге де заңдарымен реттелетін су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы қатынастар

1. Қазақстан Республикасының су заңнамасы су қорын пайдалану мен қорғау, су қорын және су шаруашылығы жүйелерін басқару, сумен жабдықтау және су бұру, гидромелиорациялық жұмыстарды және су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздігі жөніндегі жұмыстарды жүргізу саласындағы

қатынастарды және өзге де су қатынастарын реттейді.

2. Су объектілерін пайдалану мен қорғау кезінде туындайтын жерге , орманға , өсімдік пен жануарлар дүниесіне қатысты қатынастар арнайы заңдармен және осы Кодекспен реттеледі.

3. Су объектілерінің экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен табиғи су экологиялық жүйелеріне шаруашылық және өзге де қызметтің зиянды әсерін болғызбау кезінде туындайтын қатынастар Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасымен және Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы заңнамасымен, сондай-ақ осы Кодекспен реттеледі.

4. Жер қойнауын геологиялық зерттеу, барлау және кешенді игеру, жер асты сулары мен жер асты құрылыстарын судың зиянды әсерінен қорғау саласында туындайтын қатынастар жер қойнауы режиміне бағындырылады және, осы Кодекстің 66-бабының 3 және 4-тармақтарын қоспағанда, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану, өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасының тиісті заңдарымен реттеледі.

5. Су объектілеріндегі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою саласында туындайтын қатынастар Қазақстан Республикасының табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы заңдарымен реттеледі.

6. Кеме қатынасы мен теңізде жүзу саласында туындайтын қатынастар Қазақстан Республикасының су көлігі саласындағы заңдарымен реттеледі.

7. Теңіз суларын пайдалану саласындағы қатынастар осы Кодекспен және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен реттеледі.

8. Траншекаралық суларды пайдалану мен қорғауға байланысты қатынастар осы Кодекспен, Қазақстан Республикасының заңдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен реттеледі.

Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

2-тарау. Су қатынастары объектілері

11-бап. Су қатынастары объектілері

1. Су объектілері, су шаруашылығы құрылыстары және су қорының жерлері су қатынастарының объектілері болып табылады.

2. Су объектілері:

- 1) жер үсті су объектілері;
- 2) жер асты су объектілері;
- 3) Қазақстан Республикасының теңіз сулары;
- 4) трансшекаралық сулар болып бөлінеді.

3. Пайдалану түрлеріне қарай су объектілері:

- 1) ортақ пайдаланудағы су объектілері;
- 2) бірлесіп пайдаланудағы су объектілері;
- 3) оқшау пайдаланудағы су объектілері;
- 4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың су объектілері;
- 5) ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілері;
- 6) мемлекеттік орман қорының су объектілері болып бөлінеді.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

12-бап. Жер үсті су объектілері

1. Жер үсті су объектілері:

- 1) су айдындары - өзендер және соларға теңестірілген каналдар, көлдер, су қоймалары,

тоғандар және басқа ішкі су айдындары, аумақтық сулар;

2) мұздықтар, батпақтар болып бөлінеді.

2. Жер үсті су объектілері жер үсті суларынан, олардың түбінен және жағалауынан тұрады.

13-бап. Жер асты су объектілері

Жер асты су объектілеріне мыналар жатады:

1) су тұтқыш аймақтар, тау-кен жыныстарының жиектері мен кешендері;

2) жер асты суларының бассейні;

3) жер асты сулары орындары мен учаскелері;

4) жер асты суларының құрлықта немесе су астынан табиғи шығуы;

5) жер қойнауының суландырылған учаскелері.

14-бап. Теңіз сулары

1. Қазақстан Республикасының теңіз суларына, егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы шегіндегі Каспий және Арал теңіздерінің сулары жатады.

2. алып тасталды

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

15-бап. Траншекаралық сулар

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын белгілейтін және (немесе) қиып өтетін жер үсті және жер асты сулары трансшекаралық сулар болып табылады.

2. Траншекаралық суларды пайдалану мен қорғау тәртібі осы Кодекспен, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара туралы заңдарымен және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен белгіленеді.

16-бап. Ортақ пайдаланудағы су объектілері

1. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, барлық су объектілері ортақ пайдаланудағы объектілер болып табылады.

2. Су объектілерінде ортақ су пайдалану осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда ортақ пайдаланудағы су объектілерін пайдалануды шектеуге жол беріледі.

17-бап. Бірлесіп пайдаланудағы су объектілері

1. Жеке немесе заңды тұлғаларға толық немесе ішінара бірлесіп пайдалануға берілген су объектілері бірлесіп пайдаланудағы су объектілері болып табылады.

2. Бірлесіп пайдаланудағы су объектілерін пайдаланған кезде ағын судың төменгі жағында орналасқан су пайдаланушылардың мүдделері бірінші кезекте қанағаттандырылады.

3. Бірлесіп пайдаланудағы су объектілерін пайдаланатын су пайдаланушылар өзара мүдделерді ескеруге, су пайдалану құқығын жүзеге асыруды қиындатпауға және бір-біріне зиян келтірмеуге

міндетті.

4. Бірлесіп пайдалану үшін су объектілерін облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен уәкілетті органмен келісім бойынша береді.

5. Бірлесіп пайдаланудағы су объектілерінде ортақ су пайдалану осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

18-бап. Оқшау пайдаланудағы су объектілері

1. Жеке немесе заңды тұлғаларға толық немесе ішінара оқшау пайдалануға берілген су объектілері оқшау пайдаланудағы су объектілері болып табылады.

2. Оқшау пайдаланудағы су объектілері осы Кодексте белгіленген тәртіппен ортақ пайдаланудағы су объектілері ретінде пайдаланылуы мүмкін.

19-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың су объектілері

Ерекше қорғалатын су объектілерін құру тәртібі, қорғау және пайдалану режимі, сондай-ақ оларда қызмет ету жағдайлары Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарымен белгіленеді.

19-1-бап. Мемлекеттік орман қорының су объектілері

1. Мемлекеттік орман қорының су объектілерін құру тәртібі, күзету режимі, сондай-ақ олардағы қызмет шарттары Қазақстан Республикасының су және орман заңнамасында белгіленеді.

2. Су объектілеріне іргелес мемлекеттік орман қоры аумақтарын күзету режимі Қазақстан Республикасының орман заңнамасына сәйкес су объектілерін санитариялық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде сақтап тұруды қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ жер үсті суларының ластануын, қоқыстануын мен сарқылуын болдырмау үшін белгіленеді.

3. Мемлекеттік орман қорының су объектілерін пайдалануға беру осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. Кодекс 19-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

20-бап. Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілері

1. Қоршаған орта мен аймақ экономикасына басым ықпал ететін және шаруашылық қызметті реттеудің ерекше құқықтық режимін талап ететін жаратылысы табиғи су объектілері ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілері деп танылады.

2. Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің тізбесін және олардағы шаруашылық қызметті реттеудің құқықтық режимінің ерекшеліктерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

21-бап. Су объектілерінің және су қоры жерлерінің айналымдық қабілеті

Осы Кодекстің 7-бабының 2-тармағында аталған жерлерді қоспағанда, су объектілерінің, су қоры жерлерінің айналымына, сондай-ақ олар орналасқан су объектілері мен жерлердің иеліктен шығарылуына әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін болатын сатып алуға, сатуға, кепілге беруге және басқа да мәмілелер жасасуға жол берілмейді.

2-Бөлім. Су объектілерін пайдалану құқығы. Су шаруашылығы құрылыстарына меншік құқығы және өзге де құқықтар

3-тарау. Су объектілерін пайдалану құқығы

22-бап. Су объектілерін пайдалану құқығы

1. Жеке және заңды тұлғаларға су объектілерін пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының су заңнамасында белгіленген арнайы, оқшау немесе бірлесіп пайдалану тәртібімен беріледі.
2. Жеке және заңды тұлғаларға су объектілері:
 - 1) қысқа мерзімді пайдалану;
 - 2) ұзақ мерзімді пайдалану құқығымен табысталады.
3. Қысқа мерзімді пайдалану құқығы бес жылға дейінгі мерзімге, ұзақ мерзімді пайдалану құқығы бес жылдан қырық тоғыз жылға дейінгі мерзімге табысталады.
4. Су объектілері пайдалануына берілген жеке және заңды тұлғалар су объектілерін пайдалану құқығына билік ете алмайды.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2009.07.10. N 180-IV Заңдарымен.

23-бап. Су сервитуты

1. Су объектілеріне су сервитуты қауымдық және жеке су сервитуттары нысандарында болады.
2. Ортақ пайдаланудағы су объектілерін әркім пайдалана алады, бұл жағдайда қауымдық су сервитуты су объектісін пайдалану құқығының ажырамас бөлігі болып табылады.
3. Ортақ пайдаланудағы су объектісі болып табылмайтын су объектісіне қауымдық су сервитуты Қазақстан Республикасы заңдарының, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы актісінің немесе оны пайдалануға алған жеке немесе заңды тұлғалардың су объектісін пайдалану тәртібін жариялауы негізінде туындауы мүмкін.
4. Су объектісін ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді пайдалану құқығы өзге де мүдделі тұлғалардың пайдасына (жеке су сервитуты) шектелуі мүмкін.
5. Жеке су сервитуты қауымдық су сервитуты сияқты негіздерде белгіленеді, сондай-ақ сот шешімінің негізінде де белгіленуі мүмкін.
6. Қауымдық және жеке су сервитуттары:
 - 1) құрылыстарды, техникалық құралдар мен құрылғыларды қолданбай су алу;
 - 2) суат және мал айдау, балық шаруашылығын жүргізу;
 - 3) су объектілерін сал, қайық және басқа да шағын көлемді кемелер үшін су жолдары ретінде пайдалану мақсаттарында белгіленуі мүмкін.
7. Су сервитуттарын жүзеге асыру үшін арнайы су пайдалануға рұқсат алу талап етілмейді.

Ескерту. 23-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2007.01.12 N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2010.01.21 № 242-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

4-тарау. Су шаруашылығы құрылыстарына меншік құқығы және өзге де құқықтар

24-бап. Су шаруашылығы құрылыстарына меншік құқығы

1. Су шаруашылығы құрылыстары мемлекеттік не жеке меншікте болуы мүмкін.
2. Жеке меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын пайдалануға, иемденуге және оларға билік етуге байланысты қатынастар, егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарымен реттеледі.

25-бап. Ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстары

1. Ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстары мемлекеттік меншікте болады және жалға, сенімгерлік басқаруға берілмейді және иеліктен шығаруға жатпайды.
2. Ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстарының тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

Ескерту. 25-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2011.03.01 N 414-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

26-бап. Республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстары

Республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстары мемлекеттік су шаруашылығы ұйымдарына бекітіліп беріледі.

Республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының тізбесін уәкілетті органның , сондай-ақ жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жалға, сенімгерлік басқаруға берілуі және жекешелендірілуі мүмкін.

27-бап. Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстары

Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстары мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарға бекітіліп беріледі және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстарынан басқалары, жалға , сенімгерлік басқаруға, өтеусіз пайдалануға берілуі мүмкін.

28-бап. Ауыз сумен жабдықтау жүйелеріне меншік құқығы

1. Ауыз сумен жабдықтау жүйелері республикалық, коммуналдық меншікте, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың меншігінде болуы мүмкін.
 2. Республикалық меншіктегі ауыз сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануды мемлекеттік ұйымдар жүзеге асырады.
- Коммуналдық меншіктегі ауыз сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануды мемлекеттік және өзге де ұйымдар жүзеге асырады.

3. Ауыз сумен жабдықтаудың жекелеген жүйелері тұрғын үй кондоминиумдарының құрамына кіруі мүмкін.

Ескерту. 28-баптың тақырыбына орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді - Қазақстан Республикасының 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

29-бап. Ауыл шаруашылығы су пайдаланушыларына қызмет көрсетуге арналған су шаруашылығы құрылыстары

1. Ауыл шаруашылығы су пайдаланушыларына қызмет көрсетуге арналған су шаруашылығы құрылыстары мемлекеттік немесе жеке меншікте болуы мүмкін.

2. Мемлекеттік меншіктегі ауыл шаруашылығы су пайдаланушыларына қызмет көрсетуге арналған су шаруашылығы құрылыстары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп пен шарттар бойынша осы құрылыстарға қызмет көрсететін су пайдаланушыларға немесе олардың бірлестіктеріне жалға, сенімгерлік басқаруға, өтеусіз пайдалануға берілуі, сондай-ақ сатылуы немесе өтеусіз берілуі мүмкін.

30-бап. Су шаруашылығы құрылыстарын уақытша мемлекеттік басқару

1. Ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қатер төнген жағдайда және республиканың немесе аймақтың экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар жекелеген су шаруашылығы құрылыстарының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның ұсынысы бойынша осы құрылыстарға қатысты уақытша мемлекеттік басқаруды енгізуі мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған су шаруашылығы құрылыстарын уақытша мемлекеттік басқаруды енгізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

31-бап. Су шаруашылығы құрылыстарына құқықтарды мемлекеттік тіркеу

Ескерту. 31-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.03.25 N 421-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Су шаруашылығы құрылыстарына құқықтар Қазақстан Республикасының жылжымайтын мүлікке және олармен жасалатын мәмілелерге құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы заңдарына сәйкес міндетті түрде мемлекеттік тіркелуге тиіс.

2. Су шаруашылығы құрылыстарына құқықтарды мемлекеттік тіркеу құрылысқа уәкілетті орган белгілеген нысандағы паспорты болған жағдайда жүргізіледі.

Ескерту. 31-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.03.25 N 421-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

32-бап. Су шаруашылығы құрылыстарын меншіктенушілердің жауапкершілігі

1. Су шаруашылығы құрылыстарын меншіктенушілер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес олардың техникалық жай-күйінің қауіпсіздігі үшін жауапты болады.

2. Су шаруашылығы құрылыстарының қауіпсіздігін меншіктенушілердің қамтамасыз етуін

бақылауды:

- 1) су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс режимін сақтауы үшін уәкілетті орган;
- 2) су шаруашылығы құрылыстарының техникалық жай-күйі үшін өнеркәсіптегі қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

Ескерту. 32-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2008.05.26 N 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.06 N 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-Бөлім. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік реттеу

5-тарау. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік басқару

33-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік басқару

Ескерту. 3-бөлімнің, 5-тараудың, 33-баптың тақырыбтарына өзгерту енгізілді - ҚР 2009.02.12 N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

1. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкілетті орган, коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган, Конституцияда, осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде белгіленген өз құзыреті шегінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдары жүзеге асырады.

2. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы басқару құрылымы кешенділігі мен қоса бағыныстылығы ескеріле отырып, мынадай деңгейлерге бөлінеді:

- 1) мемлекетаралық;
- 2) мемлекеттік;
- 3) бассейндік;
- 4) аумақтық.

3. Мемлекеттік органдар су қорын ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі шаралар бағдарламасын әзірлеуге және жүзеге асыруға азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерді тартуы мүмкін.

Ескерту. 33-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2009.02.12 N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.07.22 N 479-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

34-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі принциптері

Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік басқару:

- 1) су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік реттеу мен бақылау;
- 2) тұрақты су пайдалану - суды ұқыпты, ұтымды және кешенді пайдалану мен қорғауды ұштастыру;

- 3) су пайдаланудың оңтайлы жағдайларын жасау, қоршаған ортаның экологиялық тұрақтылығын және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін сақтау;
- 4) бассейндік басқару;
- 5) су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау мен басқару функцияларын және су ресурстарын шаруашылық пайдалану функцияларын бөлу принциптеріне негізделеді.

Ескерту. 34-бапқа және тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

35-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі міндеттері

Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі міндеттері:

- 1) экономика салаларын сумен қамтамасыз етуді, елді мекендерді сумен жабдықтаудың және су бұрудың жай-күйін талдау және бағалау, кемшіліктерді анықтау және оларды жою жөніндегі шараларды айқындау;
- 2) су ресурстарының қолда бар көлемін, олардың сапасын және оларды пайдалану құқықтарының болуын айқындау;
- 3) сумен жабдықтау, су бұру және су қорғау саласындағы технологияларды жетілдірудің негізгі бағыттарын әзірлеу;
- 4) қолда бар су ресурстарының көлемін ұлғайту және су тапшылығын жабу үшін оларды ұтымды қайта бөлу жөніндегі іс-шаралардың болжамы және оларды ұйымдастыру;
- 5) жылдың сулылығына қарай суға қажеттілікті қанағаттандыру басымдығы бойынша су ресурстарын бөліп су пайдалану құрылымын белгілеу;
- 6) ғылыми негізделген нормативтер негізінде су пайдалану мен қайтарымды суларды ағызуды лимиттеу;
- 7) экологиялық талаптарды жоспарлау және сақтау;
- 8) су объектілерінің сандық және сапалық жай-күйі мен су пайдалану режимін бақылау;
- 9) мемлекеттік меншіктегі су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын тиімді басқару;
- 10) су шаруашылығы қызметтерін көрсету рыногын дамыту;
- 11) трансшекаралық суларды пайдалану және қорғау саласында шекаралас мемлекеттермен бірлесіп басқару;
- 12) жерді гидромелиорациялау жөніндегі салалық (секторлық) және өңірлік бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;
- 13) су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 14) су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының жай-күйін, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін бақылау.

Ескерту. 35-бапқа және тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

6-тарау. Мемлекеттік органдардың су қорын пайдалану мен қорғауды, сумен жабдықтауды және су бұруды басқару саласындағы құзыреті

Ескерту. 6-тараудың және 36-баптың тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

36-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;
 - 1-1) елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдалану ережесін бекітеді;
 - 1-2) елді мекендердің су бұру жүйелеріне сарқынды суларды қабылдау ережесін бекітеді;
 - 2) республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын басқаруды ұйымдастырады;
 - 3) суларды және олардың пайдаланылуын мемлекеттік есепке алуды, мемлекеттік су кадастры мен су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу тәртібін белгілейді;
 - 4) сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесін бекітеді;
 - 5) ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне су беру және ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтер құнын субсидиялау тәртібін бекітеді;
 - 6) су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу ережелерін бекітеді;
 - 7) су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бас және бассейндік схемаларын және су шаруашылығы баланстарын әзірлеу мен бекіту тәртібін белгілейді;
 - 8) су шаруашылығы құрылыстарын жалға және сенімгерлік басқаруға беру тәртібін белгілейді;
 - 8-1) су объектілерін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға конкурстық негізде берудің тәртібін айқындайды;
 - 9) судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды келісу, орналастыру және пайдалануға беру тәртібін, сондай-ақ су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс және басқа да жұмыстар жүргізу шарттарын белгілейді;
 - 10) **алып тасталды**
 - 11) республика облыстарының арасындағы су қатынастарын реттеу ережелерін бекітеді;
 - 12) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен трансшекаралық суларды пайдалану мен қорғау мәселелері бойынша шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасайды;
 - 12-1) аумақтық суларда (теңізде) жүзу және шаруашылық, зерттеу, іздестіру және кәсіпшілік жұмыстарын жүргізу тәртібін айқындайды;
 - 13) **алып тасталды**
 - 14) су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібін айқындайды ;
 - 15) **алып тасталды - ҚР 2011.01.10 N 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**
 - 15-1) есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін сумен жабдықтау және су бұру жөніндегі коммуналдық қызметтерді тұтыну нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекітеді;
 - 16) су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстары қауіпсіздігінің критерийлерін бекітеді;
 - 17) елді мекендерді сумен жабдықтау және оларға су бұру жүйелерін техникалық пайдалану қағидаларын бекітеді;
 - 18) ортақ су пайдаланудың үлгілік қағидаларын бекітеді;
 - 19) тікелей су объектілерінде орналасқан су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану қағидаларын бекітеді;
 - 20) судың бастапқы есебінің қағидаларын бекітеді;
 - 21) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.
- Ескерту. 36-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2007.12.19 N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2009.02.12 N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.10 N 180-IV, 2011.01.10 N 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.22 № 479-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

37-бап. Уәкілетті органның құзыреті

1. Уәкілетті орган:

- 1) өз құзыреті шегінде су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысады;
- 2) экономиканың су секторын дамыту, оның ішінде жерді гидромелиорациялау бағдарламаларын әзірлейді;
- 3) негізгі өзендердің бассейндері мен тұтас алғанда республика бойынша басқа да су объектілері бойынша су ресурстарын кешенді пайдалану және қорғау схемаларын әзірлейді;
 - 3-1) су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстары қауіпсіздігінің өлшемдерін әзірлейді;
 - 3-2) алынып тасталды - ҚР 2011.07.22 № 479-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.
 - 3-3) алынып тасталды - ҚР 2011.07.22 № 479-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.
 - 3-4) алынып тасталды - 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.
- 4) экономика салаларында су тұтынудың үлестік нормаларын келіседі;
 - 4-1) бекітіп берілуі бойынша конкурсқа қойылатын жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін келіседі;
- 5) ортақ су пайдаланудың үлгі ережелерін әзірлейді;
 - 5-1) салық органына ұсынғанға дейін жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем бойынша салық есептілігін растайды;
- 6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және негіздерде арнайы су пайдалануға рұқсатты беруді, қолданысын тоқтата тұруды және оны қайтарып алуды жүзеге асырады;
 - 6-1) арнайы су пайдалануға рұқсат беруге өтініште көрсетілетін мәліметтерді айқындайды;
- 7) бассейндер және облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) деңгейінде су пайдалану лимиттерін бекітеді;
 - 7-1) Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен белгіленген жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдер есебінің әдістемесін бекітеді;
- 8) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер құнын субсидиялау тәртібін әзірлейді;
- 9) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 10) алып тасталды
- 11) суды және оның пайдаланылуын мемлекеттік есепке алуды, мемлекеттік су кадастры мен су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізуді жүзеге асырады;
- 12) су объектілері деректерінің ақпараттық базасын құрады және оған барлық мүдделі адамдардың қол жеткізуін қамтамасыз етеді;
- 13) су объектілерін және ауыз сумен жабдықтау көздерін пайдалану режимін бекітеді;
 - 13-1) тікелей су объектілерінде орналасқан су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану қағидаларын әзірлейді;
- 14) елді мекендер шегінен тыс жерлерде су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы жобалау, ізденіс, ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстарды ұйымдастырады;
- 15) су шаруашылығы құрылыстарын пайдалануға қабылдау-беру жөніндегі жұмысқа қатысады, су шаруашылығы құрылыстарының және су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін құрылыс, түбін тереңдету және өзге де жұмыстарды жүргізу жобаларын келіседі;
- 16) республикалық меншіктегі су объектілерін, су шаруашылығы құрылыстарын пайдалануды ұйымдастырады;
- 17) Қазақстан Республикасының су заңдары саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды;
- 18) су шаруашылығындағы инвестициялық жобаларды дайындайды және іске асырады;
- 19) алып тасталды
- 20) су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың басым

бағыттарын әзірлеуге қатысады;

21) су қатынастарын реттеу, трансшекаралық су объектілерін ұтымды пайдалану мен қорғау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шектес мемлекеттермен ынтымақтастық жасауды жүзеге асырады;

22) су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу ережелерін әзірлейді;

23) су шаруашылығы баланстарын әзірлейді;

24) мамандандырылған мемлекеттік мекемелердің суармалы жерлердің мониторингі мен мелиоративтік жай-күйін бағалауды жүргізуін ұйымдастырады;

25) судың бастапқы есебінің ережелерін әзірлейді;

26) су шаруашылығы ұйымдарының қызметін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

27) гидромелиорациялық жүйелер мен су шаруашылығы құрылыстарының паспорттарын жүргізу тәртібін, сондай-ақ паспорт нысанын белгілейді;

28) "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді;

29) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Уәкілетті органның өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімдері барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

Ескерту. 37-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2006.01.10 N 116 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.09 N 213 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.01.12 N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2008.12.10 N 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.17. N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.01.21 № 242-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV, 2011.01.06 N 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.10 N 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.22 № 479-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

37-1-бап. Коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган:

1) елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

2) өз құзыреті шегінде нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді;

3) елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру саласында әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

4) елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру саласында жобалау, іздестіру, қолданбалы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуді ұйымдастырады;

5) елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдалану қағидаларын әзірлейді;

6) елді мекендердің су бұру жүйесіне ағынды суларды қабылдау қағидаларын әзірлейді;

7) елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін техникалық пайдалану қағидаларын әзірлейді;

8) есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін сумен жабдықтау және су бұру жөніндегі коммуналдық қызметтерді тұтыну нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын әзірлейді;

8-1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша, ауыз сумен жабдықтаудың

баламасыз көздері болып табылатын аса маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен елді мекендер шегінде ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау тәртібін әзірлейді;

9) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 37-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.07.22 № 479-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

38-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдарының су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы құзыреті

Ескерту. 38-баптың тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР 2009.02.12 N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары:

1) үлгі ережелердің негізінде аймақтық жағдайлардың ерекшеліктерін ескере отырып, ортақ су пайдалану ережелерін белгілейді;

2) **алып тасталды**

3) су объектілерін ұтымды пайдалану мен қорғау, елді мекендерді сумен жабдықтау, су бұру жөніндегі аймақтық бағдарламаларды бекітеді және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

4) коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын пайдалануға беру және алып қою тәртібін белгілейді;

5) жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 38-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2009.02.12 N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

39-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы құзыреті

Ескерту. 39-баптың тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР 2009.02.12 N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:

1) коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын басқарады, оларды қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

1-1) мемлекеттік меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының есебін жүргізеді, иесіз су шаруашылығы құрылыстары табылған жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген рәсімдерді жүргізеді;

2) бассейндік су шаруашылығы басқармаларымен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша ауыз сумен жабдықтау көздерінің су қорғау аймақтарын, белдеулерін және санитарлық қорғау аймақтарын белгілейді;

2-1) бассейндік су шаруашылығы басқармаларының келісімімен су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілейді;

3) конкурстық негізде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен су объектілерін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға береді;

4) бассейндік кеңестердің жұмысына және бассейндік келісімге қатысады, су объектілерін ұтымды пайдалану мен қорғау, елді мекендерді сумен жабдықтау, су бұру жөніндегі өңірлік бағдарламалардың жобасын бассейндік кеңестердің қарауына енгізеді, бассейндік кеңестердің ұсынымдарын зерделейді, оларды іске асыру жөнінде шаралар қабылдайды;

5) су объектілерін ұтымды пайдалану және қорғау, елді мекендерді сумен жабдықтау, су бұру жөніндегі, оның ішінде жерді гидромелиорациялау, су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі өңірлік бағдарламаларды әзірлейді және оларды іске асыруды қамтамасыз етеді;

6) су объектілерін ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі бассейндік бағдарламаларды іске асыруды жүзеге асырады;

7) судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындармен басқа да құрылыстарды орналастыруды және пайдалануға беруді, сондай-ақ су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс, түбін тереңдету және басқа да жұмыстарды жүргізу шарттарын келіседі;

7-1) тиісті аумақтарда су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешеді;

7-2) су шаруашылығы құрылыстарындағы авариялардың зардаптарын жою жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;

8) тиісті аумақтарда орналасқан су объектілерінің, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жай-күйі туралы халықты хабардар етуді жүзеге асырады;

9) жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын әзірлейді;

10) ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне су жеткізу және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен ауыз су беру бойынша көрсетілетін қызметтер құнын субсидиялау жөніндегі іс-шараларды іске асырады;

11) су пайдаланушылар арасында су пайдалану лимиттерін бөледі;

12) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 39-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.01.10 N 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.02.12 N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.10 N 180-IV, 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-тарау. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы бассейндік басқару

40-бап. Бассейндік су шаруашылығы басқармасының міндеттері мен функциялары

1. Бассейндік су шаруашылығы басқармалары (бұдан әрі - бассейндік басқармалар) - уәкілетті органның облыстарда бөлімдері бар, су қорын пайдалану және күзету саласындағы өңірлік органдары (екі және одан да көп облыстардың аумақтарында олардың қызметі жүзеге асырылады және оның өкілеттіктері қолданылады), олардың негізгі міндеті тиісті бассейн аумағында су қорын пайдалану мен қорғау саласында мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру болып табылады.

2. Бассейндік басқармалар мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) бассейндік принцип негізінде гидрографиялық бассейндің су ресурстарын кешенді басқару;

2) оң экономикалық әсерге, орынды, әділ және экологиялық жағынан тұрақты су пайдалануға қол жеткізу мақсатында су қатынастары субъектілерінің су ресурстарын пайдалану жөніндегі қызметін үйлестіру;

3) тиісті бассейн шегінде перспективалық жоспарлар мен даму бағдарламалары негізінде су объектілерін қалпына келтіру мен қорғау туралы бассейндік келісімдер дайындау және іске асыру;

4) су қорын пайдалану мен қорғауға, жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының су заңдарын сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

5) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп бассейндер бойынша мемлекеттік есепке алуды, мемлекеттік су кадастрын және су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу;

6) осы Кодекспен белгіленген тәртіппен арнайы су пайдалануға рұқсат беру, олардың күшін тоқтата тұру;

7) мыналарды:

тиісті бассейнің су объектілерін ұтымды пайдалану жөніндегі облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының жоспарларын;

судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындардың және басқа да құрылыстардың құрылыс орнын айқындау жөніндегі ұсыныстарды;

судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындарды және басқа да құрылыстарды салу мен реконструкциялаудың жобалау алдындағы құжаттамасы жобаларын;

су объектілерінде, су қорғау белдеулері мен аймақтарында құрылыс, түбін тереңдету, пайдалы қазбалар, су өсімдіктерін өндіру жөніндегі жарылыс жұмыстарын, кабельдер, труба құбырларын және басқа да коммуникацияларды төсеу, ағаш кесу, сондай-ақ бұрғылау, ауыл шаруашылығы және басқа да жұмыстарды жүргізу туралы құжаттарды;

су пайдаланушылардың су объектілерін сақтау, олардың жай-күйін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарларын келісу;

8) судың жай-күйіне әсер ететін өндірістік, ауыл шаруашылық және тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілерді пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссиялардың жұмысына, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың нәтижесінде туындаған зардаптарды жою жөніндегі жұмыстарға қатысу;

9) су пайдаланушылар деңгейінде және тиісті бассейн бойынша су пайдалану лимиттерін айқындау;

9-1) су объектілерін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру жөніндегі конкурстарды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

10) жер асты суларының қорларын бекітуге қатысу;

11) бірлесіп пайдаланылатын су қоймаларының салааралық, облысаралық және мемлекетаралық маңызы бар ірі су қоймаларының жұмыс режимін бақылауды жүзеге асыру;

11-1) оқшау немесе бірлесіп пайдалануға берілген су объектілерін пайдаланған кезде жеке және заңды тұлғалардың белгіленген су сервитуттарын сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

12) облысаралық, аймақаралық, мемлекетаралық су объектілері бойынша су алу мен су бөлу жоспарларын әзірлеу және олардың сақталуын бақылау;

13) тиісті бассейн суларын кешенді пайдалану мен қорғау схемасын, су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану ережелерін келісу;

14) тиісті бассейн бойынша су шаруашылығы баланстарын әзірлеуге қатысу;

15) су объектілерін оқшау және бірлесіп пайдалануға беру туралы ұсыныстарды және оларда су пайдалану шарттарын келісу;

16) судың жай-күйіне әсер ететін, су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласында белгіленген нормалар мен ережелерді бұзып жүзеге асыратын су шаруашылығы объектілері мен өзге де объектілерді қаржыландыруды, жобалауды және салуды тоқтату туралы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен талаптар қою;

17) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кінәлілерді жауапкершілікке тарту үшін Қазақстан Республикасы су заңдарының бұзылуы туралы материалдарды құқық қорғау органдарына және сотқа беру;

18) Қазақстан Республикасының су заңдары бұзылған жағдайда мемлекетке келтірілген залалды өтеу туралы сотқа талап-арыз беру;

19) су қорын ұтымды пайдалану мен қорғау жөнінде жүргізіліп жатқан жұмыс туралы, судың жай-күйі мен сапасын жақсарту жөнінде қолданылып жатқан шаралар туралы халықты хабардар ету;

20) су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру мәселелері бойынша

облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

21) су қорын ұтымды пайдалану мен қорғау ісінде халық арасында ағарту және тәрбие жұмыстарын жүргізу;

22) алып тасталды

23) арнайы су пайдалану құқығын жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың суды алу немесе ағызу құрылыстарында немесе құрылғыларында орнатылатын суды есепке алу аспаптарын пломбалау және тіркеу;

24) бассейндік кеңестің жұмысын ұйымдастыру, бассейндік кеңестің мүшелерімен бассейн аумағындағы су қорын пайдалану және қорғау мәселелері бойынша консультациялар өткізу, бассейндік кеңес дайындаған ұсынымдарды талдау, оларды іске асыру жөнінде шаралар қабылдау, бассейндік кеңестің ұсынымдарын мүдделі мемлекеттік органдар мен су пайдаланушыларға жеткізу.

Ескерту. 40-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2007.01.09. N 213 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.01.12. N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.10. N 180-IV , 2011.01.10 N 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

41-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық органдарының су ресурстарын басқарудың бассейндік принципін іске асыруға қатысуы

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органы аумақтық органдарының су ресурстарын басқарудың бассейндік принципін іске асыруда:

1) жасалған су шаруашылығы баланстары, тиісті бассейннің су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғау схемалары негізінде су объектілерін ұтымды пайдалану мен қорғау жоспарларын келісуге;

2) уәкілетті органмен бірлесіп тиісті бассейннің су объектілерінің мониторингін жүргізуге;

3) өз құзыреті шегінде су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

4) бассейндік келісімдер әзірлеуге және ведомстволық бағыныстағы аумақтарда олардың жүзеге асырылуын бақылауға;

5) су объектілерін пайдалану, ұдайы молайту және қорғау жөніндегі мемлекеттік (аймақтық және бассейндік) бағдарламалар үшін ұсыныстар әзірлеуге қатысады.

2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық органдары су объектілерін кешенді пайдалану мен қорғаудың бекітілген бас схемаларына сәйкес су ресурстарын басқарудың бассейндік принципін жүзеге асыруға қатысады.

42-бап. Су объектілерін қалпына келтіру мен қорғау туралы бассейндік келісімдер

1. Су объектілерін қалпына келтіру мен қорғау туралы бассейндік келісімдер (бұдан әрі - бассейндік келісімдер) бассейндік басқармалардың, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының және су объектісі бассейнінің шегінде орналасқан басқа да субъектілердің арасында олардың қызметін біріктіру және үйлестіру, сондай-ақ су объектілерін қалпына келтіру мен қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыру мақсатында жасалады.

2. Бассейндік келісімдерде тараптардың орындау мерзімі көрсетіліп, нақты су қорғау іс-шараларын іске асыру үшін қажетті күштер мен құралдарды кооперациялау жөніндегі міндеттемелер

болады.

3. Бассейндік келісімдерді дайындау су шаруашылығы баланстары, су объектілерін кешенді пайдалану мен қорғау схемалары, су объектілерін пайдалану, қалпына келтіру және қорғау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар, ғылыми және жобалық әзірлемелер, даму болжамдары және өзге бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады.

4. Бассейндік келісімдердің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін жеке және заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шарттармен және тәртіппен, қаражаты су объектілерін қалпына келтіру мен қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға арналған қорлар құруы мүмкін.

Ескерту. 42-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

43-бап. Бассейндік кеңес

1. Бассейндік кеңес тиісті бассейн шегінде құрылатын консультациялық-кеңесші орган болып табылады.

2. Тиісті бассейндік басқарманың басшысы басқаратын бассейндік кеңес облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының басшыларынан, мемлекеттік органдардың аумақтық органдарының басшыларынан және су пайдаланушылардың өкілдерінен тұрады. Бассейндік кеңестің құрамына қоғамдық бірлестіктердің және олардың қауымдастықтарының өкілдері де кіруі мүмкін. Бассейндік кеңестің әзірлік жұмысын ұйымдастыру бассейндік басқармаға жүктеледі.

3. Бассейндік кеңес су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы көкейкесті мәселелерді қарайды, бассейндік келісімге қатысушылар үшін ұсыныстар мен ұсынымдар енгізеді.

Ескерту. 43-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

8-тарау. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік жоспарлау

Ескерту. 8-тараудың және 44-баптың тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

44-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік жоспарлаудың міндеттері

1. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік жоспарлаудың міндеттері:

халықтың ауыз су мен тұрмыстық қажеттерінің бірінші кезекте қанағаттандырылуын ескере отырып, су пайдаланушылардың арасында суларды ғылыми негізделген түрде бөлуді қамтамасыз ету; сулардың қорғалуын және олардың зиянды әсерінің алдын алуды қамтамасыз ету болып табылады.

2. Су қорын пайдалану мен қорғауды, сумен жабдықтауды және су бұруды мемлекеттік жоспарлау үшін су шаруашылығы баланстары, суларды кешенді пайдалану мен қорғау схемалары жасалады, сондай-ақ өндіргіш күштерді және экономика салаларын дамыту мен орналастыру схемаларының

құрамында су ресурстарын пайдалану мен қорғау болжамы әзірленеді.

Ескерту. 44-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

45-бап. Су шаруашылығы баланстары

1. Су шаруашылығы баланстары су объектілерінің бассейндері, экономикалық аудандар және тұтас республика бойынша су ресурстарының болуын және оларды пайдалану мүмкіндігін бағалауға арналған.

2. Негізгі өзендердің бассейндеріне арналған және тұтас республика бойынша су шаруашылығы баланстары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен әзірленеді.

3. Су шаруашылығы баланстарын әзірлеуге байланысты шығындар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 45-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

46-бап. Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғау схемалары

1. Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғау схемалары су ресурстарын ықпалдасып басқару мәселелері бойынша шешімдер қабылдау мақсатында әзірленеді.

2. Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғау схемаларын уәкілетті орган мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен ғылыми және мамандандырылған жобалау ұйымдарын тарта отырып әзірлейді.

3. Кешенді схемаларда көзделетін іс-шаралар:

- 1) өндіріс технологиясын жетілдіру негізінде су ресурстарын ұтымды әрі үнемді пайдалануға;
- 2) суы аз және сусыз процестерді қолдануға;
- 3) суару жүйелерінде және сумен жабдықтау жүйелерінде су ресурстарының қайтарымсыз ысырабын азайтуға;
- 4) су ресурстарын реттеу, өзен ағындысын бассейнаралық қайта бөлу, тазартылмаған ағынды сулар ағызу көлемін азайту есебінен жергілікті су ресурстарын мүмкіндігінше барынша пайдалануға;

5) қалаларды, елді мекендерді, ауыл шаруашылығы алқаптары мен басқа да объектілерді су басуының және топан су басуының алдын алуға бағытталуға тиіс.

4. Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғау схемалары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен әзірленеді және бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Ескерту. 46-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

47-бап. Өндіргіш күштерді және экономика салаларын дамыту мен орналастыру схемаларының құрамында су ресурстарын пайдалану мен қорғау болжамы

1. Өндіргіш күштерді және экономика салаларын дамыту мен орналастыру схемалары құрамында су объектілеріне экологиялық жағынан жол берілетін деңгейде су ресурстарын пайдалану мен қорғау болжамы әзірленеді.

2. Су ресурстарын өндіргіш күштер мен экономика салаларын дамыту мен орналастыру схемаларының құрамында пайдалану және қорғау болжамын орталық атқарушы органдар әзірлейді.

3. Орталық атқарушы органдар әзірлеген өндіргіш күштерді және экономика салаларын дамыту

мен орналастыру схемаларының құрамында су ресурстарын пайдалану және қорғау болжамдары су ресурстарын пайдаланудың жол берілетін деңгейі нысанасында уәкілетті органда келісуден өтеді.

Ескерту. 47-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

9-тарау. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы бақылау мен сараптама

48-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы бақылаудың міндеттері мен түрлері

1. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы бақылаудың міндеттері:

шаруашылық және өзге де қызметтің әсерінен сулардың жай-күйі мен өзгеруін қадағалау; су қорғау іс-шараларының орындалуын тексеру болып табылады.

2. Қазақстан Республикасында су қорын пайдалану мен қорғау саласында мемлекеттік, өндірістік және қоғамдық бақылау жүзеге асырылады.

3. Уәкілетті органның мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезіндегі басты міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын барлық министрліктермен, агенттіктермен, ведомстволармен өзара іс-қимыл жасауды және қызметін үйлестіруді;

2) шаруашылық және өзге де қызметтің әсерінен судың жай-күйін және өзгеруін қадағалауды, сондай-ақ су қорғау іс-шараларының орындалуын тексеруді;

3) су қорын пайдалану мен оны есепке алудың белгіленген тәртібін;

4) суларды қорғау жөніндегі міндеттердің орындалуын;

5) су объектілеріне зиянды әсер етудің алдын алуды және жоюды;

6) барлық жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы су заңнамасының талаптарын сақтауын бақылауды қамтамасыз ету болып табылады.

4. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 48-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.17. N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.06 N 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

49-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар

1. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды өз құзыреті шегінде мыналар жүзеге асырады:

1) уәкілетті орган ;

2) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органы ;

3) жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган ;

4) өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган ;

5) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган ;

6) ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган ;

7) фитосанитарлық қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган ;

8) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары.

2. Уәкілетті орган су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіреді.

3. Уәкілетті орган және оның бассейндік су шаруашылығы басқармасы:

1) су қорғау аймақтары мен белдеулері шекараларын, олардағы және ерекше қорғалатын су объектілеріндегі шаруашылық қызметінің белгіленген режимінің сақталуын;

2) трансшекаралық сулар туралы халықаралық келісімдердің шарттары мен талаптарының орындалуын;

3) су объектілері бойынша су пайдаланудың және су бөлудің белгіленген нормалары мен ережелерінің, лимиттерінің, сондай-ақ су пайдалану режимінің сақталуын;

4) су тарту құрылыстарын, су шаруашылық жүйелерін және су қоймаларын пайдалану ережелерінің сақталуын;

5) су объектілерінен алынатын су мен оларға ағызылатын су мөлшеріне бастапқы есеп жүргізудің, су сапасын айқындаудың дұрыстығын, суды пайдалану мен ағызуды есепке алуға арналған жабдықтар мен аппаратуралардың болуын, жарамды жай-күйін және мемлекеттік аттестаттау мерзімдерінің сақталуын, су пайдаланушылардың белгіленген есептілік мерзімдерін сақтауын;

6) жеке және заңды тұлғалардың арнайы су пайдалануға берілген рұқсаттарда белгіленген шарттар мен талаптарды, сондай-ақ судың зиянды әсеріне (топан су, су басу, су алу, жағалауларды бұзу және басқа да зиянды құбылыстар) қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды орындауын;

7) су объектілерін оқшау және бірлесіп пайдалануға берудің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртібінің сақталуын;

8) су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізудің және су объектілерін пайдалану мен қорғау бөлігінде жер беті және жер асты суларын мемлекеттік есепке алуды жүзеге асырудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртібінің сақталуын;

9) белгіленген тәртіппен бекітілген құжаттаманың болуын және оның экономика салаларының объектілерін салуға, жаңғыртуға, техникалық жағынан қайта жарақтандыруға су объектілерін, су қорғау аймақтары мен белдеулерін пайдалану мен қорғауға байланысты өзге де қызметіне сай келуін;

10) су объектілерін өз бетімен пайдалануға, су қорғау аймақтары мен су объектілері белдеулерінің аумақтарында өз бетімен құрылыс салуға жол берілмеуін;

11) суды ұтымды пайдалану мен қорғау саласындағы ғылым мен техника жетістіктерінің және озық тәжірибенің, су тұтынудың үлесін азайту жөніндегі іс-шаралардың кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда енгізілуін бақылауды жүзеге асырады.

Қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіп қауіпсіздігі, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы, ветеринария саласындағы уәкілетті органдар, карантиндік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган және жергілікті атқарушы органдар:

1) өз құзыретіне сәйкес су қорын пайдалану мен қорғау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

2) су қорының сапалық және сандық жай-күйінің өзгеруін тексеруді және сараптама жүргізуді ұйымдастырады;

3) су заңнамасының бұзылуын жою шараларын қабылдайды;

4) су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мәселелерге қатысты нормативтік құқықтық құжаттар дайындауға қатысады;

5) су объектілеріне белгіленген талаптарды бұза отырып жүргізілген ағынды су ағызуды тоқтата тұру және оған тыйым салу туралы, сондай-ақ су объектілерінің жай-күйіне теріс әсер ететін жекелеген өндіріс объектілерінің, цехтар мен кәсіпорындардың қызметіне тыйым салу туралы белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізеді.

Ескерту. 49-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.01.12. N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

49-1-бап. Су қорын пайдалану және қорғау саласында мемлекеттік бақылауды ұйымдастырудың және жүргізудің тәртібі

Ескерту. 49-1-бап алып тасталды - ҚР 2009.07.17. N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

**49-2-бап. Қазақстан Республикасының су заңнамасын
бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдау**

Ескерту. 49-2-бап алып тасталды - ҚР 2009.07.17. N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

**49-3-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау саласында
мемлекеттік бақылаудың мерзімдері мен
кезеңділігі**

Ескерту. 49-3-бап алып тасталды - ҚР 2009.07.17. N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

**50-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы
мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды
адамдар**

1. Осы Кодекске сәйкес су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды адамдар мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы және оның орынбасары, Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары және Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары;

тиісті бассейнің су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлар және олардың орынбасарлары, тиісті бассейнің су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары және мемлекеттік инспекторлары.

2. (алып тасталды - 2007.07.27. N 315)

3. Осы баптың 1-тармағында аталған лауазымды адамдар су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен белгіленген үлгідегі тиісті қызметтік куәлікпен, омырауға тағатын белгімен, техникалық құралдармен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 50-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.27. N 315 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.10. N 180-IV Заңдарымен.

**51-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы
мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын
лауазымды адамдардың құқықтары**

1. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың:

1) осы Кодекс және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары талаптарының сақталуына "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тексеруді жүзеге асыруға, мемлекеттік органдарға, жеке, лауазымды және заңды тұлғаларға олар үшін Қазақстан Республикасы су заңдары нормаларының орындалуы міндетті талаптар қоюға, су қорын ұтымды пайдалану мен қорғау, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген көлемдерде, коллекторлық-сорғыту және ағынды

суларды ағызудың жол берілетін шекті нормаларын сақтау жөнінде тиісті шаралар жүргізуге және су ресурстары мен ағынды сулардың сапасын зертханалық бақылауды ұйымдастыруға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен арнайы су пайдалануға рұқсаттың қолданысын тоқтата тұруға және оны қайтарып алуға;

3) мемлекеттік бақылау жүргізу үшін ұйымдарға және өзге де объектілерге баруға, су ресурстарын пайдаланудың жай-күйін бақылауды жүзеге асыруға, су ресурстарын пайдалану мен оларды қорғау ережелерінің анықталған заң бұзушылықтарын жою туралы орындалуы міндетті нұсқамалар беруге құқығы бар. Су объектілерінде өз бетімен су алу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындауы кезінде су пайдаланушылардың шаруашылық қызметін тоқтата тұру туралы ұсыныстар енгізуге;

3-1) су пайдаланудың белгіленген лимиттерінің, тіреуіш гидротехникалық құрылыстар режимінің, су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекараларын пайдалану қағидаларының, олардағы шаруашылық қызметтің белгіленген режимінің сақталуына бақылауды жүзеге асыруға;

3-2) анықталған су ресурстарын пайдалану және оларды қорғау қағидаларын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама шығаруға;

3-3) әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығаруға;

3-4) кінәлі тұлғаларға Қазақстан Республикасының су заңнамасын бұзу арқылы келтірілген залалды өтеу туралы талап қоюға;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жеке, лауазымды және заңды тұлғалардан су ресурстарын пайдалану мен қорғаудың жай-күйін анықтауға қажетті мәліметтерді, соның ішінде зертханалық талдау деректерін алуға;

5) Қазақстан Республикасының су заңдары саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға;

6) су объектілеріне белгіленген талаптарды бұза отырып жүргізілген ағынды су ағызуды шектеу, тоқтата тұру және оған тыйым салу туралы, сондай-ақ су объектілерінің жай-күйіне теріс әсер ететін жекелеген өндіріс объектілерінің, цехтар мен кәсіпорындардың қызметін тоқтату жөнінде ұсыныстар енгізуге;

7) лауазымды адамдарға, ұйымдардың басшыларына су объектілерін пайдалану мен қорғаудың белгіленген нормалары мен ережелерін бұзуға жол берген адамдарды жауапкершілікке тарту туралы ұсыныс енгізуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту туралы мәселені шешу үшін қажет болған жағдайда материалдарды құқық қорғау органдарына беруге;

7-1) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы қатынастарды регламенттейтін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

8) алып тасталды

2. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың өз өкілеттігі шегінде қабылдаған шешімдерін барлық жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті және оған жоғары тұрған мемлекеттік органға және (немесе) лауазымды адамға немесе сотқа шағымдануға болады.

Ескерту. 51-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.01.12. N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2009.07.17. N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.06 N 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.10 N 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

52-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың міндеттері

Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар:

- 1) Қазақстан Республикасының су заңдары талаптарының сақталуына бақылауды жүзеге асыруға;
 - 2) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы бақылауды жүзеге асыру кезінде жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасауға;
 - 3) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылу фактілері туралы өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарды хабардар етуге;
 - 4) су ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу кезінде жеке және заңды тұлғаларға жәрдем көрсетуге міндетті.
 - 5) алып тасталды
- Ескерту. 52-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

53-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы өндірістік бақылау

1. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы өндірістік бақылау суды бастапқы есепке алу қағидалары негізінде жүзеге асырылады.
 2. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы өндірістік бақылауды арнайы су пайдалану құқығын жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар қамтамасыз етеді.
 3. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы өндірістік бақылау "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен аттестатталған су есебін жүргізу аспаптарының негізінде жүзеге асырылады.
- Ескерту. 53-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.31 N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.01.09 N 213 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

54-бап. Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік сараптама

1. Су қорын пайдалану және қорғау саласында мемлекеттік сараптаманың мынадай түрлері жүзеге асырылады:
 - 1) су объектісінің жай-күйіне әсер ететін қызметке мемлекеттік сараптама;
 - 2) су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін шаруашылық және басқа да объектілерді салуға және қайта жаңғыртуға, пайдалануға, консервациялауға және таратуға арналған жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасына мемлекеттік сараптама;
 - 3) жер асты суларының қорларына және жер асты су объектілері туралы геологиялық ақпаратқа мемлекеттік сараптама;
 - 4) су шаруашылығы және өнеркәсіптік гидротехникалық құрылыстардың төтенше жағдайлардың талаптарына сәйкестігіне мемлекеттік сараптама;
 - 5) мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық сараптамалар.
2. Су объектісінің жай-күйіне әсер ететін қызметке мемлекеттік сараптама осы қызметтің қоршаған ортаға әсерін және қабылданатын басқару және шаруашылық шешімдерін бағалау үшін жүзеге асырылады. Су объектісінің жай-күйіне әсер ететін қызметке мемлекеттік сараптама міндетті болып табылады.
3. Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін шаруашылық және басқа да объектілерді салуға және қайта жаңғыртуға, пайдалануға, консервациялауға және таратуға арналған жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасына мемлекеттік сараптама оның сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган мен халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган бекіткен бастапқы деректерге, нормативтік құжаттардың техникалық шарттары мен талаптарына сәйкестігін тексеру мақсатымен жүзеге асырылады.

4. Жер асты су қорларына және жер асты су объектілері туралы геологиялық ақпаратқа мемлекеттік сараптаманы жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

5. Су шаруашылығы объектілері мен өнеркәсіптік гидротехникалық құрылыстардың төтенше жағдайлар талаптарына сәйкестігіне мемлекеттік сараптаманы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті орган және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

6. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық сараптамаларды тиісінше халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органы жүзеге асырады.

7. Мемлекеттік сараптаманы жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалады.

Ескерту. 54-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2008.05.26 N 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

10-тарау. Суды ұтымды пайдалануды, қорғауды және оның жай-күйін жақсартуды қамтамасыз ететін талаптар

55-бап. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар

Ескерту. 55-баптың тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

1. Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да объектілерді (ғимараттарды, құрылыстарды, олардың кешендерін, коммуникацияларды) орналастыру экологиялық талаптар, жер қойнауын қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық, өнеркәсіп қауіпсіздігі, су ресурстарын ұдайы молайту және ұтымды пайдалану шарттары мен ережелері сақтала отырып, сондай-ақ аталған объектілер қызметінің экологиялық салдары ескеріле отырып жүргізіледі.

2. Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салу, қайта жаңғырту (кеңейту, жаңарту, техникалық қайта жарақтандыру, қайта бейіндеу), пайдалану, консервациялау, тарату (кейіннен кәдеге жарату) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның, жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның оң қорытындысы болған жағдайда жүзеге асырылады.

3. Құрылыс жұмыстарын орындау кезінде жерлерді қайта өңдеу, су ресурстарын ұдайы молайту мен ұтымды пайдалану, аумақтарды абаттандыру және қоршаған ортаны сауықтыру жөнінде шаралар қолданылады.

Ескерту. 55-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР-ның 2009.07.10. N 180-IV Заңымен.

56-бап. Су объектілеріне ластаушы заттардың ағызылуын азайту жөніндегі талаптар

1. Су ресурстарын пайдалану мен қорғау ластаушы заттарды ағызылу нүктелерінде нормалауға тиісті бассейн, ағын су немесе учаске шегінде барлық ұйымдардың су шаруашылығы қызметін жинақтап нормалауға негізделеді.

2. Ағызылатын суды тазарту дәрежесіне және сапасына қойылатын талаптар су объектісін ықтимал мақсатты пайдалану бағыттары бойынша айқындалып, есептеулермен негізделеді және онда су объектісінің нақты жай-күйі, техникалық және экономикалық мүмкіндігі, жоспарланатын көрсеткіштерге қол жеткізу мерзімдері ескерілуге тиіс.

3. Уәкілетті орган жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен және

қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесе отырып, су объектісінің әрбір бассейні үшін судың жай-күйі мен сапа өлшемдерінің мақсатты көрсеткіштерін әзірлеуге міндетті.

4. Бассейн ішіндегі су объектілері жай-күйінің мақсатты көрсеткіштеріне кезеңдеп көшу мерзімдерін бассейндік басқармалар мен жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның аумақтық органдары және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органы уәкілетті орган қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен және жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен бірлесе отырып бекіткен әдістеменің негізінде белгілейді.

57-бап. Экономика салалары және қоршаған ортаны қорғау талаптарын қамтамасыз ету үшін кешенді су жіберуді негіздеу

1. Кешенді су жіберу санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарды қамтамасыз ету жағдайларын негізге алып, сондай-ақ экономика салаларының қажеттері ескеріле отырып белгіленеді.

2. Табиғат қорғау және санитарлық-эпидемиологиялық су жіберу басым бағыт болып табылады.

3. Табиғат қорғау су жіберуі су объектісінің табиғи жағдайының сақталуын қамтамасыз етуге тиіс. Ең төменгі шығысты сақтаудан басқа, табиғат қорғау су жіберуі су жайылуы мен су тасуы кезінде су объектілерінің кезеңдік шайылуын қамтамасыз етуге тиіс.

4. Табиғат қорғау және санитарлық-эпидемиологиялық су жіберудің көлемін уәкілетті орган су объектілері бассейндері бойынша белгілейді.

5. Авариялық су жіберу су тасыған және су жайылған кезде су объектісіндегі судың қалыпты деңгейде ұсталуын және су объектілері арналарының шайылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Ескерту. 57-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

11-тарау. Жер үсті және жер асты суларын мемлекеттік есепке алу, мемлекеттік су кадастры, су объектілерінің мемлекеттік мониторингі. Су қорын ұтымды пайдалану мен қорғауды, сумен жабдықтауды және су бұруды ғылыми және инновациялық-ақпараттық қамтамасыз ету

Ескерту. 11-тараудың тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

58-бап. Жер үсті және жер асты суларын мемлекеттік есепке алу

1. Жер үсті және жер асты суларын мемлекеттік есепке алу Қазақстан Республикасының аумағындағы су ресурстарының сандық және сапалық көрсеткіштерін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүйелі түрде анықтау және тіркеу болып табылады.

2. Жер үсті және жер асты суларын мемлекеттік есепке алу деректері жер үсті және жер асты су объектілерінің сапалық және сандық көрсеткіштері бойынша, олардың адам өмірі мен денсаулығы үшін өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік дәрежесі, зерттелуі мен пайдаланылуы бойынша жай-күйін сипаттайды.

3. Жер үсті және жер асты суларын мемлекеттік есепке алуды уәкілетті орган жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп су пайдаланушылар мен

гидрометеорологиялық қызмет ұсынатын жер үсті және жер асты суларын пайдалану есебінің деректері негізінде жүзеге асырады.

59-бап. Мемлекеттік су кадастры

1. Мемлекеттік су кадастры су объектілерінің жай-күйімен пайдаланылуы туралы, олардың су ресурстары туралы, су пайдаланушылар туралы жүйелендірілген ресми деректер жиынтығы болып табылады.

2. Мемлекеттік су кадастры бірыңғай жүйе бойынша жүргізіледі және суларды мемлекеттік есепке алу деректеріне негізделеді.

3. Мемлекеттік су кадастрына енгізілген су объектісінің паспорты болады, онда тіркеу нөмірі, атауы және физикалық-географиялық, геологиялық-гидрологиялық, техникалық, құқықтық және экономикалық көрсеткіштері қамтылатын кешенді сипаттамасы көрсетіледі.

4. Мемлекеттік су кадастрын жүргізуді уәкілетті орган жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен және гидрометеорологиялық қызметтермен бірлесіп жүзеге асырады.

5. Су пайдаланушылар уәкілетті органға және жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік су кадастрына енгізілуге тиіс қажетті деректердің бәрін ұсынуға міндетті.

6. Уәкілетті орган мемлекеттік су кадастрында қамтылған ақпаратқа мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті.

60-бап. Су объектілерінің мемлекеттік мониторингі

1. Су объектілерінің мемлекеттік мониторингі қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың мемлекеттік мониторингі жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

2. Су объектілерінің мемлекеттік мониторингі олардың жай-күйіне гидрологиялық, гидрогеологиялық, гидрогеохимиялық, санитарлық-химиялық, микробиологиялық, паразитологиялық, радиологиялық және токсикологиялық көрсеткіштерді тұрақты қадағалау, жағымсыз процестерді уақтылы анықтау, олардың дамуын бағалау мен болжау мақсатында алынған ақпаратты жинау, өңдеу және беру, жүзеге асырылатын су шаруашылығы іс-шараларының зиянды зардаптарын болғызбау және тиімділік дәрежесін айқындау жөнінде ұсынымдар әзірлеу жүйесі болып табылады.

3. Су объектілерінің мемлекеттік мониторингін уәкілетті орган қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен, жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп әзірленген әдістеме бойынша бірлесіп жүзеге асырады.

61-бап. Су қорын ұтымды пайдалану мен қорғауды, сумен жабдықтауды және су бұруды ғылыми және инновациялық-ақпараттық қамтамасыз ету

Ескерту. 61-баптың тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

1. Су қорын ұтымды пайдалану мен қорғауды, сумен жабдықтауды және су бұруды ғылыми қамтамасыз ету міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) су ресурстарын кешенді және ұтымды пайдалануды негіздеу;
- 2) су шаруашылығы кешенін дамытуды бағалау мен болжау;
- 3) су үнемдеудің ғылыми-әдістемелік және технологиялық негіздерін әзірлеу;

4) су шаруашылығы жүйесінің нормативтік құқықтық базасын әзірлеу;

5) басқару шешімдерін қабылдау үшін ұсынымдар әзірлеу.

2. алып тасталды

3. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы инновациялық қызмет Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес іске асырылады және:

1) ұйымдастыру жағдайларын қалыптастырумен;

2) жалпы ұлттық сипаты бар инновациялық су шаруашылығы мен су қорғау бағдарламалары үшін тікелей мемлекеттік инвестициялар бөлу арқылы мемлекеттік қолдаумен қамтамасыз етіледі.

4. Су ресурстарын кешенді және ұтымды пайдалану мен қорғауды ұзақ мерзімді және орташа мерзімді жоспарлау, су шаруашылығы ұйымдары мен су пайдаланушыларды ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті орган мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп су ресурстарын пайдаланудың республикалық ақпараттық-талдау жүйесін құруы мүмкін.

5. Деректер қорын қалыптастыру үшін су пайдаланушы жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бекітілген нысандар бойынша қажетті мәліметтер береді.

6. алып тасталды

Ескерту. 61-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

12-тарау. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы жеке тұлғалардың құқықтары мен міндеттері және қоғамдық бірлестіктердің қызметі

62-бап. Жеке тұлғалардың су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттері

1. Жеке тұлғалардың:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен су объектілерін пайдалануға, оларды қорғау мен ұдайы молайту жөніндегі шараларды жүзеге асыруға;

2) су объектілерін пайдалану мен қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдарға сауалдармен, шағымдармен, өтініштермен және ұсыныстармен жүгінуге;

3) су қорын пайдалану мен қорғау саласында қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу туралы ұсыныстар енгізуге және оған қатысуға;

4) әкімшілік немесе сот тәртібімен су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы талаптарға сай келмейтін кәсіпорындарды және басқа да құрылыстарды орналастыру, салу, қайта жаңғырту және пайдалануға беру туралы, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың су объектілеріне теріс әсер ететін шаруашылық және өзге қызметін шектеу мен тоқтату туралы шешімдердің күшін жоюды талап етуге;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы өзге де құқықтарды іске асыруға құқықтары бар.

2. Жеке тұлғалар су қорын пайдалану мен қорғау, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласында Қазақстан Республикасының заңдарын сақтауға міндетті.

63-бап. Қоғамдық бірлестіктердің су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы қызметі

1. Қоғамдық бірлестіктердің су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы қызметі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен олардың жарғыларына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қоғамдық бірлестіктердің өкілдері бассейндік кеңестердің жұмысына қатыса алады.

3. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы қоғамдық бақылауды қоғамдық бірлестіктер өз

бастамасы бойынша жүргізе алады.

4. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы қоғамдық бақылауды жүргізу тәртібін қоғамдық бірлестіктер өздерінің жарғыларына сәйкес су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдармен келісе отырып айқындайды.

4-Бөлім. Су пайдалану

13-тарау. Су пайдалану құқығы

64-бап. Су пайдалану құқығының түрлері

1. Субъектілердің тобы бойынша:

- 1) ортақ су пайдалану құқығы;
- 2) арнайы су пайдалану құқығы;
- 3) оқшау су пайдалану құқығы;
- 4) бірлесіп су пайдалану құқығы болып бөлінеді.

2. Туындау негіздемелері бойынша:

- 1) бастапқы су пайдалану құқығы;
- 2) қосалқы су пайдалану құқығы болып бөлінеді.

3. Қолдану мерзімдері бойынша:

- 1) тұрақты су пайдалану құқығы;
- 2) уақытша су пайдалану құқығы болып бөлінеді.

4. Азамат үшін ортақ су пайдалану құқығы ол туған кезден бастап туындайды және ешбір жағдайда да шеттетілуі мүмкін емес.

5. Осы Кодексте белгіленген тәртіппен берілген рұқсат алынған кезден бастап арнайы су пайдалану құқығы туындайды.

Ескерту. 64-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.01.10 N 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

65-бап. Ортақ су пайдалану

1. Ортақ су пайдалану халықтың мұқтаждарын қанағаттандыру үшін су объектілері жекелеген жеке немесе заңды тұлғаларға бекітіліп берілмей және судың жай-күйіне әсер ететін құрылыстар немесе техникалық құрылғылар қолданылмай жүзеге асырылады.

2. Ортақ су пайдалануды жүзеге асыру үшін арнайы рұқсат талап етілмейді.

Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың ортақ су пайдалану объектілеріне халықтың кіруін қоршаулар, күзет пункттерін, тыйым салатын белгілер орнату жолымен шектеуіне тыйым салынады.

3. Экологиялық, техникалық және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздігі мақсатында ортақ су пайдалану шектелуі немесе оған тыйым салынуы мүмкін.

4. Ортақ су пайдаланудың шарттары мен ережелерін облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары белгілейді.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында өңірдегі жағдайлардың ерекшеліктерін ескере отырып, ортақ су пайдалану ережелерінде тиісті өңірдің аумағында орналасқан су объектілерінде шомылу, ауыз су және тұрмыстық қажеттіліктерге су алу, мал суару, шағын кемелерде және басқа да жүзу құралдарында жүзу тыйым салынған жерлерді айқындауы мүмкін.

Ескерту. 65-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2009.07.10. N 180-IV Заңдарымен.

66-бап. Арнайы су пайдалану

1. Мынадай құрылыстар мен техникалық құрылыстарды:

- 1) суды жер үсті қабатынан және теңіз суларынан механикалық және өз ағысымен тарту жөніндегі стационарлық, жылжымалы және жүзбелі құрылыстарды;
- 2) өнеркәсіптік, коммуналдық-тұрмыстық, коллекторлы-сорғыту, жауын-шашынды және басқа да қалдық суларды жер үсті және теңіз суларына ағызуға арналған су бұру құрылыстарын;
- 3) қалдық суларды суармалы, буландыру, сүзгі алқаптарына және жергілікті жер бедеріне бұруға арналған құрылыстарды;
- 4) бөгеттерді және басқа да суды тежейтін және суды реттейтін құрылыстарды (соның ішінде уақытша бөгеу құрылыстарын);
- 5) гидравликалық электр станцияларын;
- 6) сумен жабдықтауға, пайдаланылған суды ағызуға, сондай-ақ суды суытуға арналған жылу және атом электр станцияларының су шаруашылығы құрылыстарын;
- 7) суару, суландыру, суару-суландыру және құрғату жүйелерін;
- 8) жер асты суларын алу және өзге де мақсаттар, соның ішінде жерасты суларының жай-күйіне әсер ететін құрғату, су деңгейін төмендету және табиғат қорғау іс-шараларын жүргізу үшін сорғы қондырғыларымен және басқа да суды көтеру құралдарымен жабдықталған су тарту құрылыстарын;
- 9) қалдық суларды және басқа да суды жер қойнауына ағызуға арналған су ағызу құрылыстарын (ұңғымалар, құдықтар, шахталар);
- 10) шахталардан, карьерлерден, штольнялардан, разрездерден алу үшін пайдаланылатын тау-кен қазындыларының су бұру құрылыстарын;
- 11) су деңгейін мәжбүрліктен төмендетпей жұмыс істейтін, жер асты суларын алу үшін өздігінен шығатын ұңғымаларды, шахта құдықтарын, бұлақтар шегендеулерін және басқа да шағын құрылыстарды;
- 12) жер асты су тұтқыш қабаттарға және тау-кен жыныстары қуыстарына өнеркәсіптік, коммуналдық-тұрмыстық, сорғыту және басқа да қалдық суларды, технологиялық ерітінділерді ағызуға арналған сіңіргіш ұңғылар мен құдықтарды;
- 13) қатты пайдалы қазбалар кен орындарын игеру кезінде көмірсутегі шикізатын әзірлеу және жерасты қабатын шаймалау кезінде жер қыртысы қысымын ұстау үшін қысым айдағыш ұңғымаларды;
- 14) судың жай-күйіне әсер ететін басқа да техникалық құрылыстарды қолдана отырып, халықтың ауыз су және коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждарын, ауыл шаруашылығының, өнеркәсіптің, энергетиканың, балық шаруашылығының және көліктің суға қажеттіктерін қанағаттандыру, сондай-ақ өнеркәсіптік, коммуналдық-тұрмыстық, сорғытылған және басқа да қалдық суларды ағызу үшін тікелей су объектісінен алып немесе алмай-ақ жер үсті және жер асты су ресурстарын пайдалану арнайы су пайдалануға жатады.

2. Рұқсаттың негізінде, тек қана сонда айқындалған мақсаттар үшін жеке және заңды тұлғалар арнайы су пайдалануды жүзеге асырады және басқа да тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбауға және қоршаған ортаға зиян келтірмеуге тиіс.

3. Арнайы су пайдалануға рұқсат негізінде тәулігіне елуден екі мың текше метрге дейін алу лимитімен жер қойнауы бөлігінен шаруашылық-ауыз су және өндірістік-техникалық жерасты суларын пайдалану жүзеге асырылады.

4. Мынадай су тарту құрылыстарын: тереңдігі жиырма метрге дейінгі шахталы және құбырлы сүзгілі құдықтарды, сондай-ақ орталықтандырылған сумен жабдықтау үшін пайдаланылмайтын су тұтқыш үстіңгі бірінші қабаттан тәулігіне барлық жағдайда елу текше метрден көп емес су алынып, деңгейі мәжбүрлі төмендетілмей жұмыс істейтін шегендеу құрылыстарын пайдалану кезінде арнайы су пайдалануға рұқсат қажет етілмейді.

5. Уәкілетті орган шетелдік заңды тұлғаларға арнайы су пайдалануға рұқсат береді.

Уәкілетті органның өңірлік органдары шетелдік заңды тұлғаларды қоспағанда, барлық жеке және заңды тұлғаларға арнайы су пайдалануға рұқсат береді.

6. Арнайы су пайдаланудың мынадай түрлеріне рұқсаттар беріледі:

1) жер үсті су объектілеріне тазартылған өнеркәсіптік, коммуналдық-тұрмыстық, сорғытылған және басқа да қалдық суларды ағызу;

2) тәулігіне елуден екі мың метрге дейін алу лимитімен жер қойнауы бөлігінен шаруашылық-ауыз су және өндірістік-техникалық жер асты суларын пайдалану;

3) осы баптың 1-тармағында аталған құрылыстарды немесе техникалық құрылғыларды қолдана отырып, жер үсті суларын тарту және (немесе) пайдалану (бұдан әрі – жер үсті суларын тарту және (немесе) пайдалану).

7. Арнайы су пайдалануға рұқсат:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық органдарымен – барлық жағдайда;

2) тиісті аумақтарда халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын атқарушы органдармен – барлық жағдайда;

3) жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның аумақтық органдарымен – шаруашылық-ауыз су және өндірістік-техникалық жер асты суларын жер қойнауы бөлігінен пайдалануына;

4) ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық органдарымен – мал шаруашылығы мұқтаждары үшін суды тарту және мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, сондай-ақ мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі мал шаруашылығы үй-жайларынан және кәсіпорындарынан қалдық суларды ағызу кезінде;

5) балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарымен – балық шаруашылықтың мәні бар тоғандардан үстіңгі қабат суларын тарту кезінде және оларға қалдық және сорғытылған суларды ағызу кезінде осы су пайдалану шарттары келісілгеннен кейін жеке және заңды тұлғаларға беріледі.

8. Жер үсті қабаты суларын тартуға және (немесе) пайдалануға, тазартылған өнеркәсіптік, коммуналдық-тұрмыстық, сорғыған және басқа да қалдық суларды жер үсті қабатындағы су объектілеріне ағызуға:

1) теңгерімінде олардың көмегімен арнайы су пайдалану жүзеге асырылатын, белгіленген талаптар мен стандарттарға сай құрылыстар немесе техникалық құрылғылары;

2) суды есепке алу және оның сапасын бақылау құралдары;

3) су беруге және (немесе) қалдық және сорғытылған суларды ағызуға қосалқы су пайдаланушылармен шарттары бар жеке және заңды тұлғаларға рұқсаттар беріледі.

9. Тәулігіне елуден екі мың текше метрге дейін алу лимиттерімен шаруашылық-ауыз су және өндірістік-техникалық мақсаттар үшін жер қойнауы бөлігінен жер асты суларын пайдалануға:

1) теңгерімінде қолданыстағы санитариялық-эпидемиологиялық ережелерге, нормалар мен стандарттарға сай келетін құрылыстары немесе техникалық құрылғылары болып, солардың көмегімен жер асты су объектілерінен суды тарту жүзеге асырылатын;

2) су тартуды есепке алу және оның сапасын бақылау құралдары;

3) қосалқы су тұтынушыларға су беру шарты;

4) жер асты суларының қорлары туралы мемлекеттік сараптамалық қорытындысы және жер асты су объектісі туралы геологиялық ақпараты бар жеке және заңды тұлғаларға рұқсаттар беріледі. Теріс мемлекеттік геологиялық сараптама болған жағдайда, екі жылға дейінгі мерзімге геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу және бұл мерзім өткеннен кейін жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның қорларға мемлекеттік сараптама жүргізу шартымен рұқсат беріледі.

10. Арнайы су пайдалануға рұқсатты ресімдеу үшін өтініш беруші уәкілетті органға немесе оның өңірлік органдарына мынадай құжаттарды:

1) уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша арнайы су пайдалануға рұқсат беру туралы өтінішті;

2) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесін;

3) су шаруашылығы құрылысының, гидромелиоративтік жүйелердің немесе құрылғылардың паспортын;

4) салық органында есепте қойылғаны туралы куәліктің немесе дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің көшірмесін;

5) осы баптың 7-тармағында белгіленген арнайы су пайдалану шарттарын келісуді ұсынады.

11. Су тарту үшін су объектілерін пайдалануға байланысты арнайы су пайдалануға рұқсат алу үшін осы баптың 10-тармағында аталған құжаттарға қосымша мыналар ұсынылады:

1) су тұтынушылар мен олардың суға қажеттіктері туралы мәліметтер;
2) су тартуды есепке алу және тартылатын су сапасын бақылау (қадағалау) құралдарының болуы туралы мәліметтер.

12. Гидроэнергетика мақсаттары үшін су объектілерін пайдалануға байланысты арнайы су пайдалануға рұқсат алу үшін осы баптың 10-тармағында аталған құжаттарға қосымша мыналар ұсынылады:

1) гидроэлектр станциясының белгіленген қуаты туралы деректер;
2) энергетикалық, су ағызу және өзге де құрылыстардың өткізу қабілеті туралы мәліметтер;
3) балық қорғау және балық жіберу құрылыстары туралы мәліметтер;
4) жоғарғы және төменгі бьефтердегі су режимі мен су сапасының көрсеткіштерін бақылау (қадағалау) құралдарының болуы туралы мәліметтер;
5) гидроэнергетика мұқтаждарына су ресурстарын пайдаланудың мәлім етілген көрсеткіштері туралы деректер.

13. Суды алмастан жер үсті қабатындағы су объектілерін пайдалануға байланысты арнайы су пайдалануға рұқсат алу үшін осы баптың 10-тармағында көрсетілген құжаттарға қосымша мыналар ұсынылады:

1) кеменің техникалық сипаттамалары;
2) кеменің тіркелген порты (тіркелу орны) көрсетіле отырып оны пайдалануға Кеме қатынасы тіркелімінің рұқсаты;
3) кемеде құралатын қалдық сулардың, қалдықтар мен шығарындылардың бүкіл көлемін қабылдау үшін жағалау және жүзбелі құрылғылармен қамтамасыз етілуі туралы деректер;
4) су объектісінің және қоршаған ортаның жай-күйіне келеңсіз әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін объектілерді пайдалану және жұмыстарды жүргізу кезінде акватория учаскесіндегі су сапасын бақылау (қадағалау) құралдарының болуы туралы мәліметтер.

14. Уәкілетті орган немесе оның тиісті өңірлік органы – отыз күн мерзімнен кешіктірмей, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін – өтініш беруші осы Кодекске сәйкес ұсынған барлық қажетті құжаттармен өтініш берген күннен бастап он күн мерзімнен кешіктірмей рұқсат береді.

15. Заңды тұлғаның атауының өзгеруі арнайы су пайдалану рұқсатының қайта ресімделуін қажет етеді.

Су шаруашылығы жүйелерін қайта құру немесе су тұтыну шарттарының өзгеруі арнайы су пайдалануға қайта рұқсат алуды қажет етеді.

16. Арнайы су пайдалануға рұқсат берген уәкілетті орган:

1) арнайы су пайдалануға рұқсат алу үшін ұсынылған мәліметтердің анық еместігі анықталған;
2) Қазақстан Республикасының су және экологиялық заңнамасы талаптарының бұзылғаны анықталған жағдайларда заңдарда белгіленген тәртіппен оның қолданысын тоқтата тұрады.

Осы тармақта аталған жағдайларда уәкілетті орган рұқсаттың қолданысын тоқтата тұрудың себептерін және оларды жою мерзімін жазбаша нысанда көрсете отырып, су пайдаланушыны он жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

Рұқсаттың қолданысын тоқтата тұру ұсынылған мәліметтердің дәйексіздігін және анықталған бұзушылықты жою мерзіміне жүзеге асырылады.

Хабарламада көрсетілген арнайы су пайдалануға рұқсаттың қолданысын тоқтата тұруға әкеп соққан себептер жойылған жағдайда рұқсаттың қолданысын тоқтата тұру жөнінде шешім қабылдаған органның жазбаша растамасының негізінде рұқсаттың қолданысы қайта басталады.

Су пайдаланушының тоқтата тұру немесе қолдануды қайта бастау туралы хабарлама алған кезінен бастап рұқсаттың қолданысы тоқтатыла тұрған немесе қайта басталған болып есептеледі.

Ескерту. 66-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.01.10 N 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

67-бап. Оқшау су пайдалану

1. Су объектілерін немесе олардың бір бөлігін бір жеке немесе заңды тұлғаға пайдалануға берген кезде оқшау су пайдалану құқығы туындайды.

2. Оқшау су пайдалануға берілген су объектілерінде облыстардың (республикалық маңызы бар

қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары белгілеген шарттармен ортақ су пайдалануға рұқсат етіледі.

3. Оқшау су пайдалануды жүзеге асыратын су пайдаланушы, егер облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдарының шешімдерінде өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ортақ су пайдалану жағдайлары немесе оған тыйым салу туралы жариялауға міндетті.

Ескерту. 67-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

68-бап. Бірлесіп су пайдалану

1. Бірлесіп су пайдалану құқығы су объектілерін немесе олардың бір бөлігін бірнеше жеке және (немесе) заңды тұлғаға пайдалануға берген кезде туындайды.

2. Бірлесіп су пайдалану кезінде бірінші кезекте халықты ауыз сумен жабдықтаумен айналысатын су пайдаланушылардың мүдделері, сондай-ақ су аяғында орналасқан су пайдаланушылардың мүдделері қанағаттандырылады.

3. Бірлесіп су пайдалануға берілген су объектілерінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары белгілеген жағдайлармен ортақ су пайдалануға рұқсат етіледі.

4. Бірлесіп су пайдаланатын су пайдаланушылар, егер облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдарының шешімдерімен өзгеше белгіленбесе, ортақ су пайдалану жағдайлары немесе оған тыйым салу туралы жариялауға міндетті.

Ескерту. 68-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

69-бап. Бастапқы және қайталама су пайдалану

1. Өз мұқтаждарын қанағаттандыру немесе оны қайталама су пайдаланушыларға жеткізу үшін тікелей су объектілерінен су алуды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың су пайдалануы бастапқы су пайдалану болып табылады.

Шаруашылықтың әртүрлі салаларын сумен қамтамасыз ету үшін тежеуіш гидротехникалық құрылыстардың көмегімен жер үстіндегі ағын суды реттеу жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың су пайдалануы да бастапқы су пайдалану болып табылады.

2. Бастапқы су пайдаланушыдан шарт негізінде су алатын жеке және заңды тұлғалардың су пайдалануы қайталама су пайдалану болып табылады.

3. Қайталама су пайдалануға арналған шартта су беру мақсаты және оны пайдаланудың негізгі талаптары көрсетіліп, бастапқы су пайдаланушы үшін белгіленген лимит шегінде қайталама су пайдаланушыға кесте бойынша су беруге кепілдік беріледі.

4. Бастапқы және қосалқы су пайдаланушы қайталама су пайдалану шартының талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының су заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті.

Ескерту. 69-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.10 N 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

70-бап. Су пайдалану мерзімдері

1. Су объектілері тұрақты немесе уақытша су пайдалануға беріледі.

2. Мерзімі белгіленбеген су пайдалану тұрақты деп танылады.

3. Уақытша су пайдалану қысқа мерзімді - бес жылға дейін және ұзақ мерзімді - бес жылдан қырық тоғыз жылға дейін болуы мүмкін.

4. Қажет болған жағдайда су пайдалану мерзімдері ұзартылуы мүмкін.
5. Арнайы су пайдалану мерзімдері су объектісінің ресурстық әлеуеті мен ағымдағы экологиялық жай-күйіне байланысты болады.
6. Ортақ су пайдалану тұрақты болып табылады.

71-бап. Су пайдаланушылардың құқықтары

Су пайдаланушылардың:

- 1) Қазақстан Республикасының су заңдарында көзделген шарттар мен талаптарды сақтай отырып, су объектілерін берілген мақсаттарында пайдалануға;
- 2) су объектілерін пайдаланудың өзіне тиесілі құқығын өз қалауына қарай жүзеге асыруға, бұл орайда, басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына, су объектілері мен қоршаған ортаға зиян келтіруге жол бермеуге;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен су қорының жерлерін пайдалануға;
- 4) су пайдаланушылардың бірлестіктерін, одақтарын (қауымдастықтарын) және басқа да коммерциялық емес ұйымдарын құруға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен су шаруашылығы қызметін жүзеге асыру үшін су объектілерінің жай-күйі туралы ақпарат алуға;
- 6) берілетін судың сапасы мен мөлшерін тексеруге;
- 7) су пайдалануға өз құқықтарын қорғауға;
- 8) белгіленген су беру лимиті мен режиміне сәйкес құқықтардың, соның ішінде су алу құқықтарының бұзылуынан келтірілген зиянды өтеттіруге;
- 9) Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы заңдарында көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

Ескерту. 71-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

72-бап. Су пайдаланушылардың міндеттері

Су пайдаланушылар:

- 1) су ресурстарын ұтымды пайдалануға, судың ысырабын қысқартуға шаралар қолдануға;
- 2) су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарына ұқыпты қарауға, оларға зиян келтірілуіне жол бермеуге;
- 3) белгіленген су пайдалану лимиттерін, рұқсат етілген көлемдері мен режимдерін сақтауға;
- 4) басқа су пайдаланушылар мен табиғат пайдаланушылардың құқықтары мен мүдделерінің бұзылуына жол бермеуге;
- 5) судың жай-күйіне әсер ететін су шаруашылығы құрылыстары мен техникалық құрылғыларды ақаусыз күйінде ұстауға, олардың пайдаланылу сапасын жақсартуға, су ресурстарын пайдалануды есепке алуға, су шаруашылығы құрылыстарының су тарту, су жіберу мен сарқынды және коллекторлық суларды ағызу құрылыстарын өлшеу құралдарымен және су өлшеу аспаптарымен жабдықтауға;
- 6) су қорғау іс-шараларын жүзеге асыруға;
- 7) арнайы су пайдалануға рұқсатта белгіленген су пайдалану шарттарын, сондай-ақ бақылаушы органдардың нұсқамаларын белгіленген мерзімде толық көлемінде орындауға;
- 8) белгіленген нормативтерден асатын зиянды заттардың ағызылуына жол бермеуге;
- 9) су объектісін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген нысан бойынша пайдалану туралы анық және толық ақпаратты мемлекеттік органдарға уақтылы ұсынуға;
- 10) су үнемдеуші технологияларды, суарудың озық техникасын, сумен жабдықтаудың айналымдық және қайталама жүйелерін енгізуге шаралар қолдануға;
- 11) жер үсті және жер асты суларынан су жинау алаңының ластануына жол бермеуге;
- 12) су объектілерінің су қорғау аймақтарының аумағында шаруашылық және өзге де қызметтің

белгіленген режимінің сақталуын қамтамасыз етуге;

13) уәкілетті органның және жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның тиісті негіздемесі мен шешімінсіз ауыз су сапасындағы суды өндірістік және басқа мұқтаждарға пайдалануға жол бермеуге;

14) су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарында өнеркәсіп қауіпсіздігінің талабын сақтауға;

15) су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарында жеке тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

16) барлық авариялық жағдайлар мен су пайдаланудың технологиялық режимінің бұзылуы туралы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарына және облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына дереу хабарлауға, сондай-ақ су объектілеріне зиян келтірілуін болғызбау жөнінде шаралар қолдануға;

17) су пайдаланғаны үшін төлемдердің уақтылы төленуін жүзеге асыруға;

17-1) Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес Қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыру кезінде экологиялық рұқсат алуға;

18) Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы заңдарында көзделген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

Ескерту. 72-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2007.01.09 N 213 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.01.12 N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2008.05.26 N 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

73-бап. Су пайдаланушылардың құқықтарын қорғау

1. Су пайдалану құқығы заңмен қорғалады. Осы Кодексте және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарында аталған негіздерден өзгеше ешкімді де су пайдалану құқығынан айыруға болмайды.

2. Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, су пайдаланушылардың су пайдалану құқығына қысым көрсетумен байланысты олардың қызметіне мемлекеттік органдардың тарапынан араласуға тыйым салынады.

74-бап. Су пайдалану құқығын шектеу

1. Мемлекет қауіпсіздігі мен қорғанысын, халықтың денсаулығын сақтауды, қоршаған ортаны, тарихи-мәдени мұраны, басқа да тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ су тапшылығы, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен су пайдалану құқығы шектелуі мүмкін.

2. Су пайдалану құқығын шектеу халықтың ауыз су және тұрмыстық мұқтаждары үшін су ресурстарын пайдалану жағдайын нашарлатпауға тиіс.

75-бап. Арнайы су пайдалану құқығын тоқтату

1. Арнайы су пайдалану құқығы:

1) су пайдаланушы су пайдалану құқығынан бас тартқан;

2) су пайдалану мерзімі өтіп кеткен;

3) су пайдаланушы жеке адам қайтыс болған;

4) су пайдаланушы заңды тұлға таратылған;

5) су объектілері табиғи немесе жасанды түрде жойылып кеткен;

6) су объектілерін пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген

тәртіппен басқа жеке және заңды тұлғаларға ауысқан жағдайларда тоқтатылуға тиіс.

2. Арнайы су пайдалану құқығы:

- 1) су ресурстары нысаналы мақсатында пайдаланылмаған;
- 2) ауыз сумен жабдықтауға арналған су ресурстары бір жыл бойы пайдаланылмаған;
- 3) су ресурстары үш жыл бойы пайдаланылмаған;
- 4) су ресурстарын мемлекеттік мұқтаждар үшін пайдалану қажеттігі туындаған;
- 5) су пайдаланушы Қазақстан Республикасының су заңдарында белгіленген шарттар мен талаптарды сақтамаған;

6) су ресурстарын пайдалануға тыйым салу үшін негіздер туындаған жағдайларда арнайы су пайдалануға берілген рұқсатты кері қайтарып алу арқылы тоқтатылады.

2-1. Осы баптың 2-тармағы 1)-3), 5), 6) тармақшаларында көзделген арнайы су пайдалануға рұқсатты қайтарып алу негіздері, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау барысында айқындалады.

Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган арнайы су пайдалану құқығын тоқтату негіздері болып табылатын фактілер анықталған жағдайда, оларды жою туралы жазбаша нысанда нұсқама шығарады және оларды нұсқама шығарылған сәттен бастап екі айдан аспайтын жою мерзімін белгілейді.

Су пайдаланушы тек нұсқама талаптарын жоюдан бас тартқан немесе белгіленген мерзімде жоймаған жағдайда, арнайы су пайдалану құқығына рұқсатты қайтарып алуға жол беріледі.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен арнайы су пайдалануға рұқсатты қайтарып алуға жол беріледі.

3. Арнайы су пайдалануға берілген рұқсатты кері қайтарып алу су пайдалану шартын бұзу үшін негіз болып табылады.

4. Арнайы су пайдалану құқығын тоқтату туралы шешімге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым берілуі мүмкін.

Ескерту. 75-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.01.12. N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2011.01.10 N 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

76-бап.

Ескерту. 76-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының , 2007.01.12. N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-Бөлім. Су шаруашылығын ұйымдастыру

14-тарау. Су шаруашылығы ұйымдары

77-бап. Мемлекеттік су шаруашылығы ұйымдары

Мемлекеттік су шаруашылығы ұйымдарын Қазақстан Республикасының Үкіметі мынадай жұмыстарды орындау мақсатында құрады:

- 1) су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу;
- 2) мемлекеттік су кадастрын жасау;
- 3) су объектілерінің жай-күйін бақылау әдіснамасын әзірлеу мен жетілдіру;
- 4) су пайдалану технологиясын әзірлеу мен жетілдіру және экономиканың әртүрлі салаларында оның тиімділігін арттыру;
- 5) су шаруашылығы нормативтерін әзірлеу;
- 6) республикалық меншіктегі су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарын күтіп-ұстау, пайдалану, сондай-ақ олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 7) республикалық меншіктегі трансшекаралық, мемлекетаралық, облысаралық су объектілерінен және су шаруашылығы құрылыстарынан су пайдаланушыларға суды уақтылы және үздіксіз беру;

8) мемлекетаралық су объектілерін жөндеуге шектес мемлекеттермен үлес қосып қатысу.

Ескерту. 77-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

78-бап. Коммуналдық су шаруашылығы ұйымдары

Коммуналдық су шаруашылығы ұйымдарын облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары мынадай жұмыстарды орындау мақсатымен құрады:

1) коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын күтіп-ұстау, пайдалану, сондай-ақ олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

2) су объектілерінен су пайдаланушыларға суды уақтылы және үздіксіз беру;

3) пайдаланылған, ағынды және сорғыту суларын жинау, тазарту және ұйымдасып ағызу.

Ескерту. 78-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

79-бап. Мемлекеттік емес су шаруашылығы ұйымдары

1. Мемлекеттік емес су шаруашылығы ұйымдарын жеке және заңды тұлғалар, соның ішінде шетелдік тұлғалар су шаруашылығы құрылыстарына су жеткізу, техникалық қызмет көрсету және су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы кәсіпкерлік қызметті қамтамасыз ету жөнінде қызмет көрсету үшін құрады.

2. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы кәсіпкерлік қызмет мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) пайдалану үшін су ресурстарын алып қою;

2) су ресурстарын су дайындау және (немесе) су пайдаланушыларға және (немесе) су тұтынушыларға жеткізу үшін алып қою;

3) пайдаланылған, ағынды және сорғыту суларын жинау, тазарту және ағызу;

4) су объектілерін олардан су ресурстарын алмай пайдалану;

5) сулардың сапасын және су объектілерінің жай-күйін жақсарту жөніндегі қызмет;

6) су шаруашылығы-экологиялық маркетинг саласында қызметтер көрсету;

7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де қызмет түрлері.

3. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік қолдау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 79-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

80-бап. Су шаруашылығы ұйымдарының қызметіне қойылатын талаптар

1. Су шаруашылығы ұйымдары табиғи монополия субъектілері болып табылады және өз қызметін осы Кодекске, Қазақстан Республикасының заңдарына, ұйымның жарғысына және тараптардың шарттарына сәйкес жүзеге асырады.

2. Су шаруашылығы ұйымдары:

1) су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының тиісті техникалық жай-күйін, сондай-ақ олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

2) шартқа сәйкес су пайдаланушыларды белгіленген мерзімде сумен қамтамасыз етуге;

3) су пайдаланушылармен келісім бойынша су бөлетін орындарда су өлшеу аспаптарын орнатуға;

4) су объектілерінің ластануын, қоқыстануын және сарқылуын, судың зиянды әсерін

болғызбайтын шаралар қолдануға;

5) гидромелиорациялық жүйенің, су шаруашылығы құрылысының паспортына ие болуға міндетті.

Ескерту. 80-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

15-тарау. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік нормалау

Ескерту. 15-тараудың және 81-баптың тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

81-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы нормалау

1. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы нормативтік-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесі судың сандық және сапалық көрсеткіштеріне, олардың көрсеткіштерін дәл өлшеу нормаларына қойылатын талаптарды регламенттеу мақсатында белгіленеді әрі өндірістік және өзге қызметтің су объектілеріне ықпал ету шегін реттейді.

2. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы нормалауды уәкілетті орган және басқа да мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

82-бап. Су пайдалану лимиттері

1. Өзен бассейндері бойынша су пайдалану лимиттері бассейндік схемалар мен су объектілеріне жол берілетін шекті зиянды әсерлердің нормативтері негізінде белгіленеді және оларды уәкілетті орган бекітеді.

2. Су пайдалану лимиттерін уәкілетті орган жылдың сулылығын, су объектілерінің экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық жай-күйін ескере отырып, жыл сайын нақтылайды.

Барлық су пайдаланушылар үшін айлар бойынша лимиттерді бөлуді олардың мәлімдеген су алу және (немесе) су ағызу қажеттіліктерінің негізінде облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

3. Су шаруашылығының жағдайы, су объектілерінің экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық жай-күйі өзгерген жағдайда су пайдалану лимиттері қайта қаралуға тиіс.

Ескерту. 82-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.10. N 116 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.10 N 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

83-бап. Суды бақылау мен есепке алуды нормативтік-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету

1. Суды бақылау мен есепке алуды нормативтік-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету жүйесі ұлттық стандарттарды, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін қамтиды.

2. Суды бақылау мен есепке алуды нормативтік-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптары Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес әзірленеді.

3. Суды бақылау мен есепке алуды нормативтік-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен әзірленеді, келісіледі және бекітіледі.

Ескерту. 83-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

84-бап. Су объектілеріне жол берілетін шекті зиянды әсерлер нормативтері

1. Жер үсті және жер асты суларын экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай жағдайда ұстау қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша уәкілетті орган белгілеген су объектілеріне жол берілетін шекті зиянды әсерлер нормативтерінің сақталуымен қамтамасыз етіледі.

2. Су объектілеріне жол берілетін шекті зиянды әсерлердің нормативтері:

1) ұзақ уақыт ықпал етуі су объектісінің экологиялық жүйесінің өзгеруіне әкеп соқтырмайтын антропогендік жүктеменің жол берілетін шекті мөлшеріне;

2) су объектісіне және оның су жинау алаңына түсуі мүмкін зиянды заттардың жол берілетін көлемі мен шоғырлануына сүйене отырып белгіленеді.

3. Су объектілеріне жол берілетін шекті зиянды әсерлердің нормативтерін әзірлеу мен бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

85-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы стандарттау мен сертификаттау

1. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы ұлттық стандарттар және техникалық талаптар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әзірленеді, бекітіледі және тіркеледі.

2. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы стандарттар мен техникалық талаптарға сәйкестікті айқындау үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен міндетті және ерікті сертификаттау жүзеге асырылады.

3. Бөлшектеп құйылған түрде (бөтелкелерде немесе басқа ыдыстарда) тұтынушыларға сатуға арналған ауыз суды, суды тазарту мен зарарсыздандырудың жеке тұрмыстық және топтық техникалық құралдары, сондай-ақ ауыз сумен жабдықтау жүйелерінде пайдаланылатын материалдар, реагенттер, технологиялық процестер, жабдықтар және өзге де құралдар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбеге сәйкес міндетті түрде сертификатталуға тиіс.

Ескерту. 85-бапқа және тақырыбына өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

86-бап. Су алу мен пайдалану көлемдерін қысқарту жөніндегі талаптар

1. Су объектілерінен су алу және пайдалану көлемдерін қысқарту жөніндегі талаптарға экономиканың барлық салаларында әртүрлі технологиялық процестерге су жұмсау нормативтерін және су тұтынудың үлестік нормаларын қайта қарау арқылы қол жеткізіледі.

2. Су ресурстарын алу және пайдалану көлемдерін қысқарту жөніндегі талаптарға:

1) барлық тасымалдайтын, бөлетін желілердегі және су тұтынудың әрбір нүктесіндегі шығындар мен ысыраптарды қысқарту;

2) су пайдаланудың ұтымды әдістері мен технологияларын енгізу және судың нақты пайдаланылуын барлық жерде бірдей есепке алуды қамтамасыз ету негізінде су үнемдеу есебінен қол жеткізіледі.

3. Мемлекеттік органдар, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары және су пайдаланушылар судың жұмсалуды, тасымалдайтын желілердегі, су тұтыну нүктелеріндегі судың ысырабын есепке алуды ұйымдастыруды және су объектілерінен су алу көлемдерін қысқарту мүмкіндігін жыл сайын талдап отыруға және су пайдалану көлемдерін қысқарту мақсатымен кемінде бес жылда бір рет экономиканың барлық салаларындағы әртүрлі технологиялық процестерге су жұмсау нормативтерін және су тұтынудың үлестік нормаларын қайта қарауға міндетті.

Ескерту. 86-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

87-бап. Ауыз судың сапасын жақсарту жөніндегі талаптар

Уәкілетті орган басқа мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп ауыз судың сапасын жақсарту жөніндегі талаптарды әзірлейді, олар:

1) су объектісінің белгілі бір сапасына сай келетін құрылыстардың технологиясы мен қуатын жұмысқа қабілетті күйінде ұстауды;

2) сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің ақауларын қалпына келтіруді;

3) құрылыс жұмыстарының жоғары сапасын қамтамасыз ете отырып, сенімді жабдықтар мен материалдарды пайдалануды;

4) тұтынылатын судың нормативтері мен ұлттық стандарттарын мезгіл-мезгіл жетілдіріп отыруды қамтиды.

Ескерту. 87-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

88-бап. Су объектілерінің жай-күйіне теріс әсер ететін құрылыстарды пайдалануға беруге тыйым салу

1. Мыналарды:

1) судың зиянды әсерін, ластануын және қоқыстануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген, сондай-ақ су тұтынуды және ағынды су ағызуды есепке алу құралдарымен жабдықталмаған жаңа және қайта жаңғыртылып жатқан объектілерді;

2) балық қорғау құрылғыларынсыз су тарту және ағызу құрылыстарын;

3) тазарту құрылыстары мен санитарлық-қорғау аймақтары жоқ мал шаруашылығы фермаларын және басқа да өндірістік кешендерді;

4) жерді су басуды, топан су басуды, олардың батпақтануы мен сортаңдануын және топырақ эрозиясын болғызбайтын, жобаларда көзделген іс-шараларды жүргізуге дейін суару, суландыру және құрғату жүйелерін, су қоймаларын, бөгеттерді, каналдарды және басқа да гидротехникалық құрылыстарды;

5) жер асты суларын оларды су реттеу құрылғыларымен, өлшеу құралдарымен жабдықтамай пайдалануға байланысты су тарту құрылыстарын;

6) санитарлық қорғау аймақтарын және су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстары жай-күйінің көрсеткіштерін қадағалау пункттерін белгілемей су тарту және өзге де гидротехникалық құрылыстарды;

7) мұнай, химиялық және басқа да өнімдерді оларды судың ластануын болғызбайтын құралдармен

жабдықтамай тасымалдайтын және сақтайтын құрылыстар мен құрылғыларды пайдалануға беруге тыйым салынады.

2. Су объектілері жай-күйінің көрсеткіштерін байқау пункттерін құрмай ағынды сулармен суару объектілерін пайдалануға беруге рұқсат етілмейді.

3. Су шаруашылығы объектілерін - жерді қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды аяқтамай, ал су қоймаларында - олардың табанын су басуға әзірлеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырмай пайдалануға беруге рұқсат етілмейді.

4. Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындарды және басқа да құрылыстарды пайдалануға беруге тыйым салу туралы шешімдер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қабылданады.

89-бап. Жер үсті су объектілерін ағынды суды ағызу үшін пайдалану

1. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, жер үсті су объектілерін ағынды суды ағызу үшін пайдалануға тыйым салынады.

2. Ағынды суды жер үсті су объектілеріне ағызуға қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органы және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган белгілеген шектерге дейін тазартылған жағдайда уәкілетті органның рұқсатымен жол беріледі.

3. Өнеркәсіптік ластанған ағынды немесе шахталық, карьерлік кеніш суларын жинағыштары бар ұйымдар оларды тазарту, зарарсыздандыру және кәдеге жарату үшін қажетті шаралар қолдануға, сондай-ақ осы жинағыштар орналасқан жерлерді қайта өңдеуді жүзеге асыруға міндетті.

Ерекше бөлік

6-Бөлім. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану

16-тарау. Ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау

90-бап. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау үшін пайдалану

1. Ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау үшін олардағы судың сапасы белгіленген ұлттық стандарттарға және гигиеналық нормативтерге сәйкес келетін, ластану мен қоқыстанудан қорғалған жер үсті және жер асты су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстары беріледі.

2. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау жағдайына арнап халықты ауыз сумен жабдықтауға жарамды сумен қамтамасыз ету үшін ластану мен қоқыстанудан қорғалған жер асты су объектілерінің негізінде ауыз сумен жабдықтау көздерін резервтеу жүзеге асырылады. Резервтелген сумен жабдықтау көздерінде Қазақстан Республикасының су заңдары мен өзге де заңдарына сәйкес оларды қорғаудың және жай-күйін бақылаудың арнайы режимі белгіленеді.

3. Ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтауға арналған жер үсті және жер асты суларының қауіпсіздігін халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

4. Су объектісін ауыз сумен жабдықтау көздеріне жатқызу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен оның сенімділігі және санитарлық қорғау аймақтарын ұйымдастыру мүмкіндігі

ескеріле отырып жүзеге асырылады.

5. Осы Кодексте және Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, ауыз сумен жабдықтауға жарамды жер асты су объектілерін өзге мақсаттар үшін пайдалануға жол берілмейді.

6. Жер үсті су объектілері жоқ, бірақ ауыз су сапасындағы жер асты суларының жеткілікті қорлары бар аумақта облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары тиісті негіздеме болған жағдайда уәкілетті органмен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен, жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша осы суларды ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтауға байланысты емес мақсаттар үшін пайдалануға рұқсат бере алады.

7. Қаладағы аудандарда, аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде сумен жабдықтауды осы аумақтардың әкімдері ұйымдастырады.

Ескерту. 90-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

91-бап. Халықты орталықтандырылған ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау

1. Халықты орталықтандырылған ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтауды тиісті су құбырлары желісі бар заңды тұлғалар жүзеге асырады.

2. Орталықтандырылған ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар алынатын суды есепке алуды ұйымдастыруға, сумен жабдықтау көздері мен жүйелеріндегі судың жай-күйін үнемі қадағалап отыруға, сумен жабдықтау көздері мен жүйелеріндегі су сапасының белгіленген ұлттық стандарттар мен гигиеналық нормативтерден ауытқуы туралы облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарына, уәкілетті органға, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органға, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға, жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органға дереу хабарлауға міндетті.

Ескерту. 91-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

92-бап. Халықты орталықтандырылмаған ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау

1. Халықты орталықтандырылмаған ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау кезінде жеке және заңды тұлғалар уәкілетті орган белгілеген тәртіппен оны облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарында міндетті түрде тіркеп, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның тұтас алғанда осы су объектілеріне оң қорытындысы болған жағдайда тікелей жер үсті және жер асты су объектілерінен су алуға құқылы.

Су объектілерінен тәулігіне елу текше метрге дейінгі көлемде су алу кезінде халықты орталықтандырылмаған ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау арнайы су пайдалануға рұқсат алуды талап етпейді.

2. Халықты орталықтандырылмаған ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау кезінде жер үсті және жер асты су объектілерінен су алу уәкілетті органмен және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының

ұсынуымен облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары бекіткен ережелерге сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 92-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2007.01.12. N 222 (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-тарау. Су объектілерін сауықтыру және рекреациялық мақсаттар үшін пайдалану

93-бап. Сауықтыру мақсатындағы су объектілерін пайдалану

1. Ресурстарының табиғи емдік қасиеті бар, сондай-ақ емдеу-профилактикалық мақсаттар үшін қолайлы су объектілері сауықтыру объектілері санатына жатады және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сауықтыру мақсаттары үшін пайдаланылады.

2. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның, уәкілетті органның, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның, жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның ұсынысы бойынша:

1) республикалық маңызы бар сауықтыру мақсатындағы су объектілерінің тізбесін - Қазақстан Республикасының Үкіметі;

2) жергілікті маңызы бар сауықтыру мақсатындағы су объектілерінің тізбесін - облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары бекітеді.

3. Сауықтыру мақсатындағы су объектілерін пайдалануға беру осы Кодекске және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 93-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

94-бап. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын рекреациялық мақсаттар үшін пайдалану

1. Ықтимал сел қаупі бар су объектілерін қоспағанда, су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын рекреациялық мақсаттар үшін пайдалануға оған арнаулы рұқсатсыз жол беріледі.

2. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерді экологиялық талаптар мен адам өмірінің қауіпсіздігін сақтай отырып, уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары белгілейді.

3. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын әуесқойлық және спорттық балық аулау үшін пайдалануға уәкілетті органмен және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары рұқсат береді.

Ескерту. 94-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.10. N 180-IV Заңдарымен.

18-тарау. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын ауыл шаруашылығының мұқтаждары үшін пайдалану

**95-бап. Су объектілері мен су шаруашылығы
құрылыстарын ауыл шаруашылығының
мұқтаждары үшін пайдалану**

1. Су объектілерін ауыл шаруашылығының мұқтаждары үшін пайдалану ортақ және арнайы су пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

2. Бастапқы су пайдаланушылар қайталама су пайдаланушылардың су пайдалану жоспарларының негізінде су көлемдерін алуға жыл сайынғы өтінімдерін жасайды. Уәкілетті орган жылдың жоспарланған сулылығын ескере отырып және бастапқы су пайдаланушылардың өтінімдері негізінде олар үшін су пайдалану лимиттерін белгілейді. Қайталама су пайдаланушылар үшін су жеткізу көлемдері белгіленген лимиттер ескеріле отырып, бастапқы және қайталама су пайдаланушылардың арасында жасалған шарттармен айқындалады.

3. Ауыл шаруашылығының мұқтаждары үшін пайдалану мақсатымен еріген, жауын және тасқын суларды жинауға арналған су шаруашылығы құрылыстары бар жеке және заңды тұлғаларда уәкілетті органның рұқсаты болуға міндетті.

4. Жер үсті және жер асты су объектілерін жайылымдарды суландыру үшін пайдалану арнайы су пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

5. Су объектілерін мал суару үшін пайдалануға санитарлық қорғау аймақтарынан тыс жерде және суат алаңдары мен су объектілерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын басқа да құрылғылар болған жағдайда ортақ су пайдалану тәртібімен жол беріледі.

6. Жеке қосалқы шаруашылық жүргізетін, бағбандықпен және бақша өсірумен айналысатын жеке тұлғаларға суару үшін су белгіленген лимиттерге сәйкес арнайы су пайдалану тәртібімен бөлінеді. Жеткілікті су ресурстары болмаған жағдайда суару үшін су басқа су пайдаланушылардың лимиттерін қайта бөлу есебінен бөлінуі мүмкін.

7. Суару, құрғату, сортаңданған топырақты шаю және басқа да мелиорациялық жұмыстар су объектілерін және олардың су жинау алаңдарын қорғауды қамтамасыз ететін табиғат қорғау іс-шараларымен бір кешенде жүзеге асырылуға тиіс. Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйінің мониторингін және оны бағалауды бюджет қаражаты есебінен мамандандырылған мемлекеттік мекемелер жүргізеді.

8. Ағынды суды суару үшін пайдалану белгіленген экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жүргізіледі.

9. Суармалы аймақта су пайдаланушылар қайталама сулардың көлемі мен сапасына болжам жасайды, су объектілеріне ағызу көлемдерін, жинақтағыш су қоймаларын жасауды немесе оларды жасалған жерінде пайдалануды жоспарлайды.

Ескерту. 95-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

95-1-бап. Жерді гидромелиорациялау

1. Жерді гидромелиорациялау жай-күйі судың әсеріне байланысты құрғақшылық, эрозияға ұшыраған, сортаңданған, батпақты, артық ылғалды, шайылған және басқа да жерлерді түбегейлі жақсартуды қамтамасыз ететін мелиорациялық іс-шаралар кешенін білдіреді.

Жерді гидромелиорациялау гидромелиорациялық жүйелердің, сондай-ақ жеке орналасқан гидротехникалық құрылыстардың көмегімен суды көтеру, беру, бөлу және бұру жөніндегі шараларды жүзеге асыру арқылы мелиорацияланатын жерлерде топырақтың су, ауа, жылу және қоректік режимдерін реттеуге бағытталған.

2. Жерді гидромелиорациялау түрлеріне жерді суару, құрғату және сортаңданған топырақты шаю жатады.

Ескерту. 95-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

96-бап. Гидромелиорациялық кондоминиум

Гидромелиорациялық кондоминиум - біртұтас мүліктік кешен (бұдан әрі - гидромелиорациялық кондоминиум объектісі) ретінде жылжымайтын мүлікке меншіктің ерекше нысаны, бұл ретте жер учаскелеріне заттық құқық жеке және заңды тұлғалардың иелігінде, ал гидромелиорациялық жүйе немесе оның элементтері ортақ үлестік меншік құқығында олардың иелігінде болады.

97-бап. Гидромелиорациялық кондоминиумды құру және тоқтату

1. Гидромелиорациялық кондоминиум екі және одан көп жер пайдаланушыларға немесе жер учаскелері меншіктенушілеріне тиесілі бір суару каналында немесе оның бөлігінде орналасқан суармалы алқаптарының жер учаскелерінде құрылуы мүмкін.

2. Жер учаскелеріне заттық құқық иелерінің әрқайсысы өз қалауы бойынша гидромелиорациялық кондоминиумға өзінің қатысу-қатыспауына қарамастан жер учаскесіне өз құқығын іске асыруға құқылы.

Гидромелиорациялық кондоминиумның құрамына кіретін су шаруашылығы құрылыстары орналасқан жер учаскелері бұру белдеулеріне жатады және ортақ үлестік меншік құқығында гидромелиорациялық кондоминиумға қатысушыларға тиесілі болады.

3. Гидромелиорациялық кондоминиумға қатысушының ортақ мүліктегі үлесінің мөлшері осы қатысушы құқығын иеленген суармалы жер учаскесінің бүкіл суару алқабының жалпы алаңына қатынасымен айқындалады. Гидромелиорациялық кондоминиум мүлкіндегі мұндай үлесті заттай түрде бөлуге болмайды (мінсіз үлес).

4. Гидромелиорациялық кондоминиумның барлық қатысушыларының келісімінде ортақ мүліктегі үлестің мөлшері айқындалмауы мүмкін, бұл жағдайда гидромелиорациялық кондоминиумның мүлкі үлесті бөлінуге жатпайтын ортақ меншікте болады.

5. Суармалы жер учаскесіне заттық құқығының (уақытша жер пайдаланудың қайталама құқығының тоқтатылуын қоспағанда) басқа тұлғаға ауысуы гидромелиорациялық кондоминиум мүлкіндегі үлестің де алушыға ауысуына әкеп соғады.

6. Гидромелиорациялық кондоминиумға қатысушы гидромелиорациялық кондоминиум мүлкіндегі өз үлесін суармалы жер учаскесіне құқығынан бөлек иеліктен айыруға құқылы емес.

7. Гидромелиорациялық кондоминиумның ортақ мүлкі оның барлық қатысушыларының келісуімен кепіл ретінде пайдаланылуы мүмкін.

8. Бір гидромелиорациялық кондоминиум қызмет көрсететін барлық суармалы жер учаскелеріне заттық құқығы (уақытша жер пайдаланудың қайталама құқығын қоспағанда) және гидромелиорациялық кондоминиум мүлкіне меншік құқығы бір тұлғаға ауысқан жағдайда гидромелиорациялық кондоминиум жойылуы мүмкін.

98-бап. Гидромелиорациялық кондоминиум объектісін тіркеу

1. Гидромелиорациялық кондоминиум объектісі Қазақстан Республикасының жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу туралы заңдарына сәйкес біртұтас кешен ретінде тіркелуге тиіс.

2. Гидромелиорациялық кондоминиум объектісін тіркеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 98-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.03.25 N 421-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**99-бап. Гидромелиорациялық кондоминиумға
қатысушылардың құқықтары**

1. Гидромелиорациялық кондоминиумға қатысушылардың барлығының ортақ мүлікті олардың гидромелиорациялық кондоминиумға қатысудағы үлесіне мөлшерлес басқаруға құқығы бар.

2. Гидромелиорациялық кондоминиумға қатысушылардың әрқайсысының ортақ мүлікті пайдалануға құқығы бар. Гидромелиорациялық кондоминиумның ортақ мүлкін пайдалану тәртібі қатысушылардың келісімімен айқындалады.

Жер учаскесін басқа тұлғаларға жалға беру (уақытша жер пайдаланудың қайталама құқығы) жалға берушінің гидромелиорациялық кондоминиумға қатысуын тоқтатуға әкеп соқпайды.

3. Гидромелиорациялық кондоминиумға қатысушылар Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтарға ие болуы мүмкін.

**100-бап. Гидромелиорациялық кондоминиумға
қатысушылардың міндеттері**

1. Гидромелиорациялық кондоминиумға қатысушылар:

1) ортақ мүлікті ұстауға арналған барлық шығыстарға қатысуға;

2) ортақ мүліктің сақталуы мен қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Гидромелиорациялық кондоминиумға қатысушылар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де міндеттерді атқара алады.

**101-бап. Гидромелиорациялық кондоминиумға
қатысу ерекшеліктері**

1. Ортақ мүлікті ұстауға арналған шығыстардың мөлшері, егер гидромелиорациялық кондоминиумға қатысушылардың келісімімен өзгеше көзделмесе, қатысушының ортақ мүліктегі үлесіне мөлшерлес белгіленеді.

2. Егер гидромелиорациялық кондоминиумдағы суармалы жер учаскесін оған қатысушы пайдаланбаған жағдайда, ол ортақ мүлікті ұстауға арналған шығыстардан босатылмайды.

3. Суармалы жер учаскелері жалгерлерінің дауыс беру құқығы болмайды және олар гидромелиорациялық кондоминиум объектісін басқаруға өзге түрде қатыса алмайды, бірақ гидромелиорациялық кондоминиумға қатысушылар үшін ортақ ережелерді сақтауға міндетті.

4. Гидромелиорациялық кондоминиумға қатысушылардың кондоминиумның ортақ мүлкін өз атынан иеліктен айыруға құқығы жоқ.

**102-бап. Гидромелиорациялық кондоминиум
объектісін басқару**

1. Гидромелиорациялық кондоминиумға қатысушылар гидромелиорациялық кондоминиум объекті тіркелгеннен кейін бір айдың ішінде оны басқару нысаны туралы мәселені шешуге міндетті.

2. Гидромелиорациялық кондоминиум объектісін басқару нысаны Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оған қатысушылардың келісімімен айқындалады.

**19-тарау. Су объектілерін және су шаруашылығы
құрылыстарын өнеркәсіп пен энергетика
үшін пайдалану**

**103-бап. Су объектілерін және су шаруашылығы
құрылыстарын өнеркәсіп пен жылу
энергетикасы үшін пайдалану**

1. Су объектілерін және су шаруашылығы құрылыстарын өнеркәсіптің және жылу энергетикасының мұқтаждары үшін пайдалану арнайы су пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

2. Өнеркәсіп пен жылу энергетикасы ұйымдары айналымдық сумен жабдықталымға ие болуға міндетті. Айналымдық сумен жабдықталымы жоқ ұйымдар уәкілетті органға, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органға нақты мерзімдерін көрсете отырып, айналымдық сумен жабдықталымға көшу жоспарын беруге міндетті.

3. Ауыз су және минералды су санатына жатқызылмаған жер асты сулары, сондай-ақ басқа да пайдалы қазбалармен ілеспе өндірілген сулар (шахта, карьер, кеніш сулары) экологиялық талаптар сақтала отырып, арнайы су пайдалану шарттарымен техникалық сумен жабдықтау үшін және басқа да өндірістік мұқтаждар үшін пайдаланылуы мүмкін.

4. Халықтың денсаулығына және қоршаған ортаға қауіп төндіретін, басқа пайдалы қазбалармен бірге өндірілген жер асты сулары міндетті түрде кәдеге жаратылуға тиіс.

5. Технологиялық процеске байланысты ауыз суды пайдалану көзделген кәсіпорындарды қоспағанда, басқа сападағы суды пайдалану мүмкіндігі бола тұрып, ауыз суды өнеркәсіп үшін пайдалануға жол берілмейді. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары халықтың ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық мұқтаждарын бірінші кезекте қанағаттандыруды ескере отырып, ауыз суды өнеркәсіптік мақсаттар үшін тұтынуға уақытша рұқсат беруге құқылы. Ауыз суды өнеркәсіптік мұқтаждар үшін тұтыну мерзімдері уәкілетті органның келісімі бойынша белгіленеді.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар болған кезде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өнеркәсіп және жылу энергетикасы кәсіпорындарының су объектілерін және су шаруашылығы құрылыстарын пайдалануын шектеуге, тоқтата тұруға немесе оған тыйым салуға құқылы.

Ескерту. 103-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

**104-бап. Су объектілерін және су шаруашылығы
құрылыстарын гидроэнергетика үшін пайдалану**

1. Су объектілерін және су шаруашылығы құрылыстарын гидроэнергетика үшін пайдалану уәкілетті органмен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен, ал сел қаупі бар аудандарда - төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органмен және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша экономиканың басқа салаларының мүдделерін, суларды кешенді пайдалану және оларды қорғау талаптарының сақталуын ескере отырып, арнайы су пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

2. Су объектілеріндегі гидроэнергетикалық және гидротехникалық құрылыстарды пайдаланатын ұйымдар:

1) ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау басымдығын сақтай отырып, су қоймаларын толтырудың және босатудың белгіленген режимін;

2) өзендердің жайылмалары мен атырауларында балық ресурстарын сақтау және ұдайы молайту үшін шешуші маңызы бар өзендер мен су қоймаларының учаскелеріндегі балық шаруашылығының қажеттілігін;

3) кемелер мен салдардың кедергісіз өткізілуін;

4) белгіленген табиғат қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық және авариялық су жіберулерінің жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге міндетті.

3. Егер су қоймаларын толтыру және босату нәтижесінде туындаған су объектілері табиғи деңгейінің өзгеруі салдарынан жеке және (немесе) заңды тұлғаларға зиян келтірілсе, кінәлілер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оны өтеуге міндетті.

Ескерту. 104-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2008.05.26 N 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

20-тарау. Су объектілерін және су шаруашылығы құрылыстарын көлік, ағаш ағызу және өртке қарсы мұқтаждар үшін пайдалану

105-бап. Су объектілерін және су шаруашылығы құрылыстарын көлік және ағаш ағызу үшін пайдалану

1. Кеме қатынасы санатына жатқызылған Қазақстан Республикасының жер үсті су объектілері, оларды осы мақсаттарға пайдалануға толық немесе ішінара тыйым салынған не олар оқшау пайдалануға берілген жағдайларды қоспағанда, ортақ пайдаланудағы су жолдары болып табылады.

2. **Алып тасталды - ҚР 2010.12.28 N N 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

3. Су объектілерін кеме қатынасы санатына жатқызу тәртібін, кеме жүруі, әуе кемелерінің ұшуы (қонуы) үшін пайдаланылатын кеме қатынасы су жолдарының тізбесін және оларды пайдалану ережелерін бекітуді Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады.

4. Кеме қатынасы үшін пайдаланылатын су объектілерінде кеме жетегінсіз ағаш ағызуға тыйым салынады. Су объектілерінде күйелі ағаш ағызуға тыйым салынады. Ағаш ағызуды жүзеге асыратын ұйымдар су объектілерін батып кеткен ағаш сүрегінен үнемі тазартып отыруға міндетті. Ағаш ағызу үшін пайдаланылатын су объектілерінің тізбесін және оларды тазарту тәртібін уәкілетті органмен және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары белгілейді.

5. Су объектілерін шағын көлемді кемелерде жүзу үшін, сондай-ақ әуе кемелерінің ұшып шығуы (қонуы) үшін пайдалану Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Кеме қатынасына, ағаш ағызуға, әуе кемелерінің ұшып шығуына (қонуына) арналған су объектілерін және су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану кезінде су пайдаланушылар:

1) суды ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз етуге;

2) кеме қатынасын реттейтін органдардың талаптарын орындауға;

3) су объектілеріне шаруашылық-тұрмыстық қалдықтардың және ластайтын заттардың ағызылуына жол бермеуге;

4) су объектілерінің және су шаруашылығы, гидротехникалық және басқа да құрылыстардың арналары мен жағалауларының бұзылуына жол бермеуге;

5) басқа жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын бұзбауға міндетті.

Ескерту. 105-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2010.12.28 N N 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

106-бап. Су объектілерін және су шаруашылығы құрылыстарын өртке қарсы мұқтаждар үшін пайдалану

1. Өртке қарсы мұқтаждар үшін кез келген су объектілерінен арнайы рұқсатсыз су алуға жол беріледі.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген мақсаттар үшін су алу орындарын (пирстер,

кіреберістер, жарық көрсеткіштері) таңдауды, оны жайластыруды уәкілетті орган және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органы қоятын шарттарды сақтай отырып, Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органының аумақтық органдары жүзеге асыруға тиіс.

3. Өздерінің су құбырлары желілерінде тиісті өрт сөндіру құрылыстары мен құрылғылары бар заңды тұлғалар оларды ақаусыз күйінде ұстауға міндетті.

4. Арнайы өртке қарсы мұқтаждарға арналған су объектілерінен және су шаруашылығы құрылыстарынан суды өзге мақсаттар үшін пайдалануға тыйым салынады.

Ескерту. 106-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

21-тарау. Су объектілерін және су шаруашылығы құрылыстарын балық және аңшылық шаруашылықтарын жүргізу үшін пайдалану

107-бап. Су объектілерін және су шаруашылығы құрылыстарын балық шаруашылығын жүргізу және балық ресурстарын аулау үшін пайдалану

1. Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын сақтау, өсімін молайту және аулау үшін (оның ішінде кәсіпшілік балық аулау үшін) маңызды мәні бар су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын немесе олардың бөліктерін, сондай-ақ су қорғау белдеулерінің учаскелерін облыстың жергілікті атқарушы органы Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасына сәйкес конкурстың қорытындылары бойынша балық шаруашылығын жүргізу үшін пайдалануға береді.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген су объектілерін және су шаруашылығы құрылыстарын немесе олардың бөліктерін ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтаудан басқа, өзге мақсаттар үшін пайдалануды уәкілетті орган балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша балық шаруашылығының мүдделеріне орай шектеуі мүмкін.

3. Пайдалануына балық шаруашылығын жүргізу және балық ресурстарын аулау үшін су объектілері және су шаруашылығы құрылыстары берілген жеке және заңды тұлғалар:

1) уәкілетті органмен және балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша су объектілері және су шаруашылығы құрылыстарының жай-күйін жақсартуды және балық қорларын ұдайы молайтуды қамтамасыз ететін балық шаруашылығы мен мелиорациялық-техникалық іс-шараларды жүргізуге;

2) су объектілерінің жағалауларын және су шаруашылығы құрылыстарын олар пайдаланылатын жерлерде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарға сәйкес ұстауға міндетті.

4. Қорықтардың, балық питомниктерінің, тоған, көл және басқа да балық шаруашылықтары аумағында орналасқандарын, сондай-ақ ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтайтын су қоймаларын қоспағанда, су объектілерін және су шаруашылығы құрылыстарын жеке тұлғалар балық аулаудың белгіленген ережелерін сақтай отырып, спорттық және әуесқойлық балық аулау үшін пайдалана алады.

Ескерту. 107-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2010.01.21 № 242-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-6. қараңыз) Заңдарымен.

108-бап. Су объектілерін және су шаруашылығы құрылыстарын аңшылық шаруашылығын жүргізу үшін пайдалану

1. Су объектілерін және су шаруашылығы құрылыстарын немесе олардың бөліктерін облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жергілікті өкілді органмен, уәкілетті органмен және аңшылық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша аңшылық шаруашылығын жүргізу үшін жеке және заңды тұлғалардың пайдалануына береді.

2. Пайдалану режимі құстар мен су жануарлары жаппай мекендейтін жерлерге әсер ететін су қоймаларын, көлдерді және басқа да су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын, сондай-ақ су объектілерінің акваториясында орналасқан құрылыстарды пайдалану кезінде сулы-батпақты алқаптардың қажетті гидрологиялық режимінің сақталуы және аңшылық шаруашылығын жүргізу мүдделері ескерілуге тиіс.

3. Мелиорациялық-техникалық жұмыстар жүргізу мен балық аулауды, су объектілерінде және су шаруашылығы құрылыстарында бағалы, сирек кездесетін және жоғалып кету қаупі бар жануарлар мекендейтін жерлерде аңшылық шаруашылығын жүргізу үшін пайдалы өсімдіктер өсіру уәкілетті органмен және аңшылық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша жүзеге асырылады.

4. Бағалы, сирек кездесетін және жоғалып кету қаупі бар жануарлар мекендейтін жерлерде, сондай-ақ жануарлар дүниесін ұдайы молайту мен қорғау жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылатын учаскелерде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары уәкілетті органмен, аңшылық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша жеке тұлғалардың болуына, әуесқойлық және кәсіпшілік аң аулауға, жағалау белдеуінде құрылыс салуға және су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарының жай-күйін және аңшылық шаруашылығын жүргізуді нашарлататын басқа да іс-әрекеттерге шек қоюы мүмкін.

Ескерту. 108-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

22-тарау. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың су объектілерін пайдалану. Өзендер мен каналдарда су қоймалары мен тежеуіш гидротехникалық құрылыстарды пайдалану

109-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың су объектілерін пайдалану

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың су объектілерін пайдалану Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарында айқындалатын тәртіппен жүзеге асырылады.

110-бап. Су қоймаларын пайдалану

1. Су қоймалары жер үстіндегі ағын суды реттеу және су пайдаланушылардың суға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жасалады.

2. Су қоймаларын жобалау, салу және пайдалану қалыптасқан табиғи және шаруашылық кешендерге осындай араласудың барлық ықтимал теріс салдары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

3. Су қоймалары гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық санитарлық-шарттарды және экологиялық тұрақтылықтың, эпидемиологиялық және радиациялық қауіпсіздіктің сақталуын, халықтың және экономика салалары мүдделерінің қанағаттандырылуын қамтамасыз ететін шарттарды зерттеу талаптары сақталған жағдайда пайдалануға беріледі.

4. Су қоймаларын пайдалану тәртібі мүдделі мемлекеттік органдармен келісім бойынша уәкілетті орган бекіткен ережелермен айқындалады.

5. Су қоймаларын, олардағы су құбыры және су өткізу немесе су тарту құрылыстарын пайдаланатын ұйымдар су қоймалары әсер ететін аймақтардағы су пайдаланушылар мен жер пайдаланушылардың мүдделері ескеріле отырып белгіленген су қоймаларын толтыру және ағызу режимін

сақтауға міндетті.

6. Су қоймаларын пайдалану ережелерінің сақталуын бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

7. Осы баптың ережелері су қоймалары ретінде пайдаланылатын көлдер мен басқа су айдындарында да қолданылады.

111-бап. Өзендер мен каналдарда тежеуіш гидротехникалық құрылыстарды пайдалану

1. Өзендер мен каналдарда тежеуіш гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мен іске қосу олардың мақсатына, осы құрылыстарды жобалау кезінде әзірленген шарттар мен нормаларға сәйкес жүргізіледі.

2. Су пайдаланушылардың тежеуіш гидротехникалық құрылыстардың көмегімен жер үстіндегі ағын суды реттеуі кеме қатынасы және осы өзен бассейнінің су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғау ескеріле отырып, уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен және өзге де мүдделі органдармен келісім бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 111-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

7-Бөлім. Су объектілерін қорғау және судың зиянды әсеріне қарсы күресу

23-тарау. Су қорғау қызметі

112-бап. Су объектілерін қорғау

1. Су объектілері:

1) зиянды қауіпті химиялық және уытты заттармен және олардың қоспаларымен табиғи және техногендік ластанудан, жылу, бактериялық, радиациялық және басқа ластанудан;

2) қатты, ерімейтін заттармен, өндірістік, тұрмыстық және өзге де тектегі қалдықтармен қоқыстанудан;

3) сарқылудан қорғалуға тиіс.

2. Су объектілері:

1) табиғи жүйелердің экологиялық тұрақтылығының бұзылуын;

2) халықтың өмірі мен денсаулығына зиян келтірілуін;

3) балық ресурстары мен басқа да су жануарларының азаюын;

4) сумен жабдықтау жағдайларының нашарлауын;

5) су объектілерінің табиғи молаю және тазару қабілетінің төмендеуін;

6) су объектілері гидрологиялық және гидрогеологиялық режимінің нашарлауын;

7) су объектілерінің физикалық, химиялық және биологиялық қасиеттеріне теріс әсер ететін басқа да қолайсыз құбылыстарды болғызбау мақсатымен қорғалуға тиіс.

3. Су объектілерін қорғау:

1) су объектілерін пайдаланудың кез келген түрін жүзеге асыратын барлық су пайдаланушыларға осы объектілерді қорғау жөнінде ортақ талаптар қою;

2) шаруашылық қызметінің жекелеген түрлеріне арнайы талаптар қою;

3) жаңа техника мен экологиялық, эпидемиологиялық жағынан қауіпсіз технологиялар енгізе отырып, су қорғау іс-шараларын жетілдіру және қолдану;

4) су қорғау аймақтарын, су объектілерінің қорғау белдеулерін, ауыз сумен жабдықтау

көздерін санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу;

5) су объектілерін пайдалану мен қорғауды бақылаудың мемлекеттік және басқа да нысандарын жүргізу;

6) су объектілерін қорғау жөніндегі талаптардың орындалмағаны үшін жауапкершілік шараларын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

4. Орталық органдар және облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес су объектілерін сақтау, олардың ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбау, сондай-ақ аталған құбылыстардың зардаптарын жою жөнінде тұрақты даму принципімен үйлесімді шаралар қолданады.

5. Қызметі су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген экологиялық талаптарды сақтауға және ұйымдастырушылық, технологиялық, орман-мелиорациялық, агротехникалық, гидротехникалық, санитарлық-эпидемиологиялық іс-шараларды және су объектілерін ластанудан, қоқыстанудан және сарқылудан қорғауды қамтамасыз ететін басқа да іс-шараларды жүргізуге міндетті.

Ескерту. 112-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2007.01.09. N 213 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.01.21 № 242-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

113-бап. Су объектілерін ластанудан қорғау

1. Су объектілерінің сапалық жай-күйін нашарлататын және пайдаланылуын қиындататын заттардың немесе ластанушы нәрселердің су объектілеріне тасталуы немесе өзге де тәсілмен түсуі су объектілерінің ластануы деп танылады.

2. Су объектілерін, диффузиялық ластануды (жер беті мен ауа арқылы ластану) қоса алғанда, ластанудың барлық түрінен қорғау жүзеге асырылады.

3. Су объектілерін ластанудан қорғау мақсатында:

1) су объектілерінің су жинау алаңында улы химикаттарды, тыңайтқыштарды қолдануға тыйым салынады. Су объектілерінің су жинау алаңы мен санитарлық қорғау аймағында дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық іс-шаралар халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша жүргізіледі;

2) радиоактивті және уытты заттарды су объектілеріне тастауға және көмуге;

3) тазарту құрылыстары жоқ және нормативтерге сәйкес тиімді тазартуды қамтамасыз етпейтін өнеркәсіп, тамақ объектілерінің ағынды суларын су объектілеріне ағызуға;

4) су объектілерінде радиоактивті және уытты заттар бөлінуі қоса жүретін технологиялардың ядролық және өзге де түрлері пайдаланылатын жарылыс жұмыстарын жүргізуге;

5) су объектілерінде және су шаруашылығы құрылыстарында халықтың денсаулығына және қоршаған ортаға қауіп төндіретін техника мен технологиялардың қолданылуына тыйым салынады.

114-бап. Су объектілерін қоқыстанудан қорғау

1. Су объектісіне қатты, өндірістік, тұрмыстық және басқа да қалдықтардың, сондай-ақ салмақты бөлшектердің түсуі, соның салдарынан оның гидрологиялық жай-күйі нашарлап, су пайдаланудың қиындауы су объектілерінің қоқыстануы деп танылады.

2. Су объектілеріне қатты, өндірістік, тұрмыстық және басқа да қалдықтарды тастауға және оларды көмуге тыйым салынады.

3. Су объектілерінің су жинау алаңдарын, су объектілерінің мұз қабатын, мұздықтарды қатты, өндірістік, тұрмыстық және шайылу кезінде жер үсті және жер асты су объектілерінің сапасын нашарлатуға әкеп соғатын басқа да қалдықтармен қоқыстауға жол берілмейді.

115-бап. Су объектілерін сарқылудан қорғау

1. Ағындының рұқсат етілетін деңгейінің ең аз мөлшерінің, жер үсті су қорының азаюы немесе жер асты су қорының кемуі су объектілерінің сарқылуы деп танылады.

2. Су объектілерінің сарқылуын болғызбау мақсатында су объектілерін пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар:

1) су объектілерінен лимиттен тыс қайтарымсыз су алуға жол бермеуге;

2) су қорғау аймақтары мен белдеулері аумағында жер жыртуға, мал тоғыту мен санитарлық дауалауға, құрылыстар салуға және су объектілерінің сарқылуына әкеп соғатын басқа да шаруашылық қызмет түрлерін жүргізуге жол бермеуге;

3) су қорғау іс-шараларын жүргізуге міндетті.

3. Жеке және заңды тұлғалар жүргізетін су объектілерінің сарқылуын болғызбауға бағытталған су қорғау іс-шаралары уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен және жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен алдын ала келісіледі.

116-бап. Су объектілерінің және су шаруашылығы құрылыстарының су қорғау аймақтары мен белдеулері

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жері мен мемлекеттік орман қоры құрамына кіретін су объектілерін қоспағанда, су объектілерін және су шаруашылығы құрылыстарын санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануын мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін ерекше пайдалану шарттары бар су қорғау аймақтары мен белдеулері белгіленеді.

2. Су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары уәкілетті органмен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органмен, ал сел қаупі бар аудандарда - қосымша төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органмен келісіліп бекітілген жобалау құжаттамасының негізінде белгілейді.

3. Алып тасталды - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Алып тасталды - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5. Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу ережелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ескерту. 116-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2008.05.26 N 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.10. N 180-IV, 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

117-бап. Суларды санитарлық қорғау аймақтары

1. Ауыз сумен жабдықтау, емдеу, курорттық және халықты сауықтырудың өзге мұқтаждары үшін пайдаланылатын суларды қорғау мақсатында облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары санитарлық қорғау аймақтарын белгілейді.

2. Санитарлық қорғау аймақтары мен санитарлық қорғау белдеулерін белгілеу тәртібін халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган

айқындайды.

Ескерту. 117-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

118-бап. Су объектілеріндегі төтенше экологиялық жағдай немесе экологиялық апат аймақтары

1. Шаруашылық қызмет немесе табиғи процестер нәтижесінде халықтың денсаулығына, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне, қоршаған ортаның жай-күйіне қауіп төндіретін өзгерістер болатын су объектілері төтенше экологиялық жағдай немесе экологиялық апат аймақтары деп жариялануы мүмкін.

2. Су объектілеріндегі немесе өзен бассейндеріндегі және жер асты су көздеріндегі төтенше экологиялық жағдайды Қазақстан Республикасының Үкіметі жариялайды.

119-бап. Су қорғау белдеулеріндегі жер учаскелерін уақытша пайдалануға беру және су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі шаруашылық қызметінің режиміне қойылатын талаптардың сақталуын бақылау

1. Су объектілерінің су қорғау белдеулеріндегі жер учаскелері шаруашылық қызмет режиміне қойылатын талаптарды сақтау шартымен, Қазақстан Республикасының жер туралы заң актісінде белгіленген тәртіппен жеке және заңды тұлғаларға уақытша пайдалануға берілуі мүмкін.

2. Су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі шаруашылық қызмет режиміне қойылатын талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органы, жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган өздерінің құзыреті шегінде жүзеге асырады.

Ескерту. 119-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР-ның 2009.07.10. N 180-IV Заңымен.

120-бап. Жер асты су объектілерін қорғау ерекшеліктері

1. Өндірістік қызметі жер асты суларының жай-күйіне зиянды әсер етуі мүмкін болатын жеке және заңды тұлғалар жер асты суларының мониторингін жүргізуге және су ресурстарының ластануы мен сарқылуын және сулардың зиянды әсерін болғызбау жөнінде уақтылы шаралар қолдануға міндетті.

2. Ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін болатын жер асты суларының су жинау алаңдарында радиоактивті және химиялық қалдықтар көмуді, үйінділерді, зираттарды, мал қорымдарын және жер асты суларының жай-күйіне әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға тыйым салынады.

3. Егер жер асты суларының жай-күйіне әсер етсе немесе әсер етуі мүмкін болса, жерлерді ағынды сумен суаруға тыйым салынады.

4. Гидрогеологиялық ұңғымалар, соның ішінде өздігінен төгілетін және барлау ұңғымалары, сондай-ақ пайдалануға жарамсыз немесе пайдаланылуы тоқтатылған ұңғымалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен консервациялау құрылғыларымен жабдықталуға немесе жойылуға тиіс.

5. Егер жеке және заңды тұлғалар бұрғылау және басқа да кен жұмыстарын жүргізу кезінде суы бар жиектерді ашса, олар өздігінен төгілетін және барлау ұңғымаларын реттеуші құрылғылармен және бақылау құралдарымен жабдықтауға, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органмен келісілген жобалау құжаттамасына сәйкес жер асты суларын қорғау жөніндегі басқа да шараларды қолдануға міндетті.

6. Жер асты суларының су алу құрылыстарын пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар жер асты суларының санитарлық қорғау аймағы мен олардың мониторингін ұйымдастыруға міндетті.

7. Мелиорацияланған жерлерде сорғыту жүйелерін салу мен пайдалану кезінде арнайы су пайдалануға рұқсаты болған жағдайда жер асты суларын сыртқа шығаруға жол беріледі.

8. Жер асты суларын пайдалануға байланысты су тарту құрылыстарын орналастыру, жобалау, салу және пайдалануға беру кезінде олардың жер үсті су объектілері мен қоршаған ортаға зиянды әсерін болғызбайтын шаралар көзделуге тиіс.

9. Пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты емес жер қойнауын геологиялық зерттеу, пайдалы қазбаларды барлау және өндіру, жер асты құрылыстарын салу мен пайдалану кезінде жер қойнауын пайдаланушылар жер асты суларының ластануы мен сарқылуының алдын алу жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

24-тарау. Шағын су объектілері және оларды қорғау ерекшеліктері

121-бап. Шағын су объектілері

1. Шағын су объектілеріне көлемі мынадай табиғи су объектілері:

тұйық су объектілері бойынша - су бетінің алаңы он гектарға дейінгі;

өзендер бойынша - ұзындығы екі жүз километрге дейінгі ағын сулар жатады.

2. Шағын су объектілерінің су ресурстарын пайдалану, әдетте, ортақ су пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

3. Шағын су объектілерінің су ресурстарын арнайы су пайдалану тәртібімен пайдалану уәкілетті орган осындай су пайдаланудың олардың жай-күйіне салдарларын зерттегеннен кейін және мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда мүмкін болады.

122-бап. Шағын су объектілерін қорғау ерекшеліктері

1. Шағын су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері шегінде ортақ су пайдалану режимін және шаруашылық қызметті жүзеге асыруды, сондай-ақ олардың ластануының, қоқыстануы мен сарқылуының алдын алу және жою жөніндегі шараларды облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен, ал сел қаупі бар аймақтарда - төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша белгілейді.

2. Шағын су объектілерінің сарқылуын, ластануын және азып-тозуын болғызбау мақсатында су объектілерін кешенді пайдалану мен қорғаудың бассейндік бағдарламаларында және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының су объектілерін ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі өңірлік бағдарламаларында оларды қорғау және қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар кешені жеке көзделеді.

3. Шаруашылық қызметі шағын су объектілерінің жай-күйі мен режиміне әсер ететін жеке және заңды тұлғалар уәкілетті органмен келісілген шағын су объектілерінің су ресурстарын қалпына келтіру және олардағы сулардың тазалығын сақтау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға міндетті.

Ескерту. 122-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2008.05.26 N 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

25-тарау. Судың зиянды әсерінің алдын алу және оларды жою

123-бап. Мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың судың зиянды әсерінің алдын алу және оларды жою жөніндегі міндеттері

Мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар судың мынадай зиянды әсерлерінің: су тасу, су басу, топан су басу;

жағалаудың, қорғау бөгеттерінің және басқа да құрылыстардың қирауы; жерлердің батпақтануы мен сортаңдануы;

топырақ пен су объектілерінің эрозиясы, жыралардың пайда болуы, сырғымалар, сел тасқындары мен басқа да зиянды құбылыстардың алдын алу және оларды жою жөнінде іс-шаралар жүргізуге міндетті.

124-бап. Судың зиянды әсерінің алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды жүзеге асыру тәртібі

1. Су шаруашылығы ұйымдары, су пайдаланушылар, жеке және заңды тұлғалар елді мекендерді, өнеркәсіп объектілерін, ауыл шаруашылығы жерлерін, қорғалатын аумақтарды судың зиянды әсерінен қорғау жөніндегі алдын алу іс-шаралары мен ағымдағы іс-шараларды жоспарлауға және жүргізуге міндетті. Судың зиянды әсерінің алдын алу және оларды жою жөніндегі алдын алу іс-шаралары мен ағымдағы іс-шараларды қаржыландыру су пайдаланушылардың қаражаты мен бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Жеке және заңды тұлғалар судың зиянды әсерінің алдын алу және оларды жою жөніндегі су шаруашылығы іс-шараларын өткізу кезінде:

1) су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарын салуда, пайдалануға беруде, пайдалануда, жөндеуде, реконструкциялауда, консервациялауда, пайдаланудан шығаруда және жоюда қауіпсіздік нормалары мен ережелерін сақтауға;

2) су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстары қауіпсіздігінің нашарлап кетуінің жай-күйін жүйелі түрде талдауға;

3) су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарына ұдайы тексеру жүргізуге;

4) су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарындағы аварияларды жоюға арналған қаржылық және материалдық резервтерді құруға;

5) су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарындағы төтенше жағдайлар туралы хабарлайтын оқшау жүйелерді үнемі дайындықта ұстауға міндетті.

2. Судың зиянды әсерінен туындаған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 124-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

26-тарау. Су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде жұмыстар жүргізу тәртібі

125-бап. Су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындарды және басқа да құрылыстарды орналастыру, жобалау, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру шарттары

1. Су қорғау белдеулерінің шегінде:

1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылыстар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді,

көпір құрылыстарын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көлік инфрақұрылымдары объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, ғимараттар мен құрылыстарды салуға және пайдалануға;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер учаскелерін беруге;

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген учаскелерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;

7) тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға тыйым салынады.

2. Су қорғау аймақтарының шегінде:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыстарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуге, сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, энергиямен жабдықтау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдармен және басқа да мүдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрғылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, улы химикаттар мен мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратураларды пестицидтермен және улы химикаттармен толтыратын алаңдарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал көмінділерін, сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өңдеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін улы химикаттармен авиациялық өңдеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбеген пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық улы химикаттарды тыңайтқыш ретінде пайдалануға тыйым салынады.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған жағдайда уыттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.

3. Су объектілерінде және (немесе) су қорғау аймақтарында (су қорғау белдеулерінен басқа) жаңа объектілерді (ғимараттарды, құрылыстарды, олардың кешендерін және коммуникацияларды) жобалау, салу және орналастыру, сондай-ақ олар алып жатқан жер учаскелері су қорғау аймақтарына және белдеулерге немесе өзге де ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызылғанға дейін тұрғызылған қолданыстағы объектілерді реконструкциялау (кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, қайта бейіндеу) уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен, жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен, ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы

органдарымен келісіледі.

Ықтимал сел қаупі бар су объектілеріндегі нақ осындай қызмет - табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органмен, ал су кемелері жүретін су жолдарында су көлігі мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен келісіледі.

4. Қолданылуы су объектілерінің жай-күйіне теріс әсер етуі мүмкін жаңа объектілердің құрылысын немесе қолданыстағыларын реконструкциялау (кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, қайта бейіндеу) жобаларында техникалық сумен жабдықтаудың тұйық (ақпайтын) жүйесі көзделуге тиіс.

5. Су объектілерінің жай-күйіне теріс әсер етуі мүмкін қолданыстағы (салынып жатқан) объектілерді консервациялау және жою (кейіннен кәдеге жарату) уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен, жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен және өзге де мемлекеттік органдармен келісім бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі. P040130

6. Су объектілерінің аумағы арқылы көліктік немесе инженерлік коммуникациялар салу жобалары тасқын суларды өткізуді, су объектілерін пайдалану режимін, судың ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбауды, олардың зиянды әсерінің алдын алуды қамтамасыз ететін іс-шаралардың жүргізілуін көздеуге тиіс.

Көрсетілген жобалар уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен, жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен, энергиямен жабдықтау саласындағы уәкілетті органмен келісілуге жатады.

7. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келісілген жобалары болмаса және мемлекеттік экологиялық сараптаманың, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындыларын (экологиялық және басқа да сараптамалардың қорытындыларын қамтитын) алған жобалары болмаса, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындар, ғимараттар, құрылыстар мен коммуникациялар салуға (реконструкциялауға, күрделі жөндеуге) тыйым салынады.

Ескерту. 125-бап жаңа редакцияда - ҚР-ның 2009.07.10 N 180-IV Заңымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.28 N N 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

126-бап. Су объектілерінде және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінде жұмыстар жүргізу

1. Су объектілеріндегі немесе су қорғау аймақтарындағы су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін құрылыс, түбін тереңдету және жарылыс жұмыстары, пайдалы қазбаларды және басқа да ресурстарды өндіру, кабельдерді, құбырлар мен басқа да коммуникацияларды төсеу, орман ағаштарын кесу, бұрғылау және өзге де жұмыстар уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен, кеме қатынасына жатқызылған су объектілерінде - қосымша су көлігі органдарымен де келісім бойынша жүргізіледі.

2. Су объектілерінде және олардың су қорғау аймақтарында жұмыстар жүргізу тәртібі су объектілерінің жай-күйін, қоршаған ортаның экологиялық тұрақтылығын сақтау талаптарын ескере отырып, уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен және өзге де мүдделі мемлекеттік органдармен келісім бойынша әрбір су объектісі бойынша жеке-дара айқындалады.

Ескерту. 126-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

8-Бөлім. Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілеріндегі шаруашылық қызметті құқықтық реттеу ерекшеліктері

27-тарау. Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілері

127-бап. Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілеріндегі шаруашылық қызметтің құқықтық режимі

Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілеріндегі шаруашылық қызметті реттеудің құқықтық режиміне мыналар кіреді:

- 1) экономика мүдделерінің экологиялық, мәдени және тарихи құрамдас бөліктермен балансын сақтау негізінде аймақтың тұрақты дамуын қамтамасыз ету;
- 2) табиғи су кешенінің су объектілеріндегі судың деңгейін белгіленген шекті белгіден төмен болмайтындай деңгейде сақтау;
- 3) өндірістердің жұмыс істеуінің технологиялық схемалары мен ұйымдастыру-экономикалық нысандарын тұрақты жетілдіру негізінде су ресурстарын тиімді пайдалану;
- 4) су бассейні мен су объектісінің жай-күйін жақсарту;
- 5) аймақтың экономикалық, ресурстық әлеуетін және оның санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық салауаттылығын сақтауда жұртшылықтың рөлін арттыру;
- 6) балық ресурстарын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау және ұдайы молайту;
- 7) рекреациялық кешенді дамыту;
- 8) заңдылықты және экологиялық құқық тәртібін нығайту.

128-бап. Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерін қорғау ерекшеліктері

Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерін қорғаудың ерекшеліктері мыналар болып табылады:

- 1) аймаққа бөлу және жеке аймақтар бойынша су және экологиялық нормативтер белгілеу;
- 2) су объектілеріне және олардың экологиялық жүйесіне антропогендік жүктеме нормалау;
- 3) аймақтың су объектілерін пайдалану ережелерін белгілеу кезінде олардың ерекшеліктерін облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының есепке алуы;
- 4) өндіріс қалдықтарын кәдеге жарату кезінде кешенділікті қамтамасыз ету;
- 5) су объектісі бассейнінің аумағын су және жел эрозияларынан, шөлейттенуден, батпақтанудан, қайталама сортаңданудан, өндіріс және тұтыну қалдықтарымен және басқа да заттармен ластанудан қорғау;
- 6) бұзылған су объектілерін және су қорының жерлерін қайта өңдеу;
- 7) су объектілерінің арналары бойынша табиғат қорғау және санитарлық-эпидемиологиялық су берудің шаруашылық су беру алдындағы басымдығы.

Ескерту. 128-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

129-бап. Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілері аймағындағы шаруашылық қызметке қойылатын талаптар

Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілері аймағын қорғау мақсатында оларда шаруашылық қызметтің ерекше режимі белгіленеді, ол:

- 1) санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық жағдайды сақтау мен жақсартуға бағытталған қызмет түрлерінің басымдығын;
- 2) су объектілерінің экологиялық жүйесіне шаруашылық қызметтің әсерін ұдайы азайтуды;
- 3) тұрақты даму принциптерінде әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешудің және ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерін қорғаудың баланстылығын көздейді.

130-бап. Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілері аумағында тыйым салынған қызмет түрлері

Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің аумағында:

- 1) бассейндің табиғи экологиялық жүйелерінің бұзылуын, қоршаған ортаның халықтың өмірі мен денсаулығына қауіпті өзгерісін туғызатын шаруашылық және өзге де қызметке;
- 2) радиоактивті қалдықтарды және зарарсыздандыруға немесе кәдеге жаратуға келмейтін өнімді ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілері аймақтарына әкелуге, сондай-ақ онда сақтауға немесе көмуге;
- 3) қамыс шабуға және құрғақ өсімдіктерді өртеуге, орман ағаштарын тамырымен жұлуға, балық уылдырық шашатын өзендердің арналарын өңдеуге;
- 4) міндетті мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамасыз аумақта шаруашылық қызметті және жұмыстар мен қызмет көрсетулерді жүргізуге тыйым салынады.

131-бап. Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілері аймағындағы шаруашылық қызметті реттеуге мемлекеттің қатысуы

1. Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің экологиялық жүйесін сақтау және қалпына келтіру мақсатында орталық және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:

- 1) салалық (секторлық) және өңірлік бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады;
- 2) су объектілерін кешенді пайдалану мен қорғаудың бассейндік схемаларын жасау кезінде аймақтың ерекшеліктерін ескереді.

2. Мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің және шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін республикалық деңгейде үйлестіру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі Ұлттық үйлестіру кеңесін құруы мүмкін.

Ескерту. 131-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

9-Бөлім. Су қорын пайдалану мен қорғауды, сумен жабдықтауды және су бұруды реттеудің экономикалық тетігі

Ескерту. 9-бөлімнің тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

28-тарау. Су пайдалануды реттеудің экономикалық әдістері

132-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау

және су бұру саласындағы экономикалық реттеудің түрлері

Ескерту. 132-баптың тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

Экономикалық реттеудің негізгі түрлері:

- 1) су пайдаланушылардан Қазақстан Республикасының салық заңдарында көзделген төлемдер мен алымдарды алу;
- 2) су объектілерін ұтымды пайдалану мен қорғау, елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру бағдарламаларын әзірлеу және қаржыландыру;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың ресурстар сақтау, қалдығы аз технологияларды және энергияның дәстүрден тыс түрлерін енгізуі және игеруі, су ресурстарын қорғау мен ұтымды пайдалану, сумен жабдықтау және су бұру жөніндегі басқа да тиімді шараларды жүзеге асыруы кезінде оларға кредиттік және өзге де жеңілдіктер беру;
- 4) қоғамдық қорлар құру және оларды су объектілерін қалпына келтіру мен қорғау үшін пайдалану болып табылады.

Ескерту. 132-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

133-бап. Су ресурстарын пайдаланғаны үшін ақы төлеу

1. Қазақстан Республикасында ортақ су пайдалану тегін жүзеге асырылады.
2. Қазақстан Республикасында арнайы су пайдалану Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес ақылы негізде жүзеге асырылады.

134-бап. Су пайдаланушыларға су беру, сумен жабдықтау, су бұру жөнінде көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу

1. Су пайдаланушыларға су беруге, сумен жабдықтауға, су бұруға, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын және басқа да су шаруашылығы іс-шараларын орындауға байланысты көрсетілетін қызметтер ақылы негізде жүзеге асырылады.
2. Су пайдаланушыларға су беру, сумен жабдықтау, су бұру бойынша көрсетілген қызметтер үшін тарифтер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасына сәйкес бекітіледі.
3. Су беру жөніндегі қызметтер үшін ақы төлеу тәртібі мен талаптары тараптардың шарттарымен айқындалады.

Ескерту. 134-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07 N 174 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2008.12.29 N 116-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

135-бап. Су шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың түрлері және су қорын ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі инвестициялық саясаттың принциптері

1. Су шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың негізгі түрлері:
 - 1) су шаруашылығы жүйесінің мемлекеттік мекемелерін ұстау;

2) су беруге байланысты емес трансшекаралық су шаруашылығы құрылыстарын және республикалық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану жөніндегі шығындарды қаржыландыру;

3) ерекше авариялық қаупі бар су шаруашылығы құрылыстары мен гидромелиорациялық жүйелерді қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру;

4) су шаруашылығы құрылыстары мен гидромелиорациялық жүйелердің жаңаларын салуға және қазір барларын қайта құруға қаржы ресурстарын, оның ішінде қарыз қаражаттарын тарту;

5) ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне су жеткізіп беру және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз су беру жөнінде көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау ;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен су шаруашылығы субъектілеріне жеңілдікті және ұзақ мерзімді кредиттер мен басқа да артықшылықтар беру;

7) мемлекеттік меншіктегі су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру;

8) суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйінің мониторингі және оны бағалау жөніндегі шығындарды қаржыландыру болып табылады.

2. Су қорын ұтымды пайдалану мен қорғау, суармалы жерлерді мелиорациялау, су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздігі жөніндегі инвестициялық саясаттың негізгі принциптері:

1) қайтарымды негізде орталықтандырылған инвестициялардың есебінен су саласын дамытуды мемлекеттік қолдау;

2) инвестициялық су шаруашылығы қызметінде пайдалану үшін ұйымдардың өз көздерінің рөлін арттыруды ынталандыру;

3) қарыздарды, оның ішінде мемлекет кепілдіктерін тарту практикасын кеңейту;

4) инвестицияларға бағытталған бюджет қаражатын жұмсауды мемлекеттік бақылау болып табылады.

3. Су шаруашылығын мемлекеттік қолдау және су қорын ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі, сондай-ақ пайдаланылмайтын және қайта қалпына келтіруге жатпайтын мемлекеттік меншіктегі су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарын жою жөніндегі инвестициялық саясат Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 135-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.01.10. N 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

136-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы сақтандыру

1. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы сақтандыру су қатынастарының объектілеріне, басқа адамдардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтіру салдарынан шарттан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік тәуекелі болған кезде жеке және заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғауға байланысты қатынастар кешені болып табылады.

2. Ерікті сақтандыруды жеке және заңды тұлғалар өз еркі бойынша жүзеге асырады. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы ерікті сақтандырудың түрлері, шарттары мен тәртібі сақтандырушы мен сақтанушылар арасындағы келісімдермен айқындалады.

10-Бөлім. Су даулары және Қазақстан Республикасының Су заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

29-тарау. Су дауларын шешу

137-бап. Су даулары

1. Су объектілерін, су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану мен қорғау және суды бөлу мәселелері бойынша су қатынастары субъектілерінің арасында туындайтын даулар су даулары болып табылады.

2. Су қатынастары субъектілерінің арасындағы су даулары тараптардың келіссөздері, оларды су пайдаланушылар бірлестіктері құрған органдарда, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарында және уәкілетті органда немесе соттарда қарау арқылы шешіледі.

Ескерту. 137-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

138-бап. Өз бетінше басып алынған су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын қайтару

Өз бетінше басып алынған су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстары заңсыз пайдаланылған уақыт ішінде Қазақстан Республикасының су заңдарының бұзылуынан келтірілген зиян өтеліп, иесіне қайтарылады. Өз бетінше басып алынған су объектілерін қайтару Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

30-тарау. Қазақстан Республикасының су заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

139-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы заң бұзушылықтар

Ескерту. 139-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

140-бап. Қазақстан Республикасының су заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының су заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. 140-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2009.02.12. N 132-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

11-Бөлім. Траншекаралық суларды пайдалану және қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық

31-тарау. Траншекаралық суларды пайдалану және қорғау

141-бап. Траншекаралық суларды пайдалану және қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары

Траншекаралық суларды пайдалану және қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары:

- 1) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар жасасу негізінде трансшекаралық суларды пайдалану және қорғау саласындағы мүдделерін қорғау;
- 2) Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындау;
- 3) шекаралас елдердің трансшекаралық сулар бойынша мемлекетаралық қатынастары бөлігінде су заңдарын үйлестіру мен жақындастыруға қатысу;
- 4) трансшекаралық суларды пайдалану және қорғау саласындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық, бағдарламаларды, нормаларды, стандарттарды, жобаларды және мониторингті бірлесіп әзірлеу және іске асыру болып табылады.

142-бап. Траншекаралық суларды пайдалану және қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың принциптері

Қазақстан Республикасы трансшекаралық суларды пайдалану және қорғау саласындағы өз саясатында мынадай принциптерді басшылыққа алады:

- 1) экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және халықаралық табиғат қорғау ынтымақтастығын дамыту;
- 2) халықаралық су құқығының жалпы жұрт таныған принциптері мен нормаларын ескере отырып, трансшекаралық ағын судың барлық елдерінің су ресурстарын әділ, ақылға қонымды және өзара тиімді пайдалану құқығын қамтамасыз ету;
- 3) болашақ ұрпақтардың қажеттіліктеріне зиян келтірмей қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыруды ескере отырып, су ресурстарын басқару;
- 4) адамның экологиялық құқықтарының, мүдделерінің және трансшекаралық өзендер бассейндерінің су шаруашылығы жүйелерінің экономикалық даму балансын сақтау;
- 5) трансшекаралық суларды пайдалану және қорғау проблемаларын шешу кезінде өзара көмек көрсету және даулы мәселелерді бейбіт түрде реттеу;
- 6) трансшекаралық сулардың жай-күйіне ықтимал трансшекаралық әсер етудің алдын алу жөніндегі сақтық шараларын қамтамасыз ету;
- 7) халықаралық жауапкершілік және трансшекаралық әсер етуден туындаған залалды өтеу.

143-бап. Траншекаралық суларды пайдалану және қорғау саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың тетігі

Траншекаралық суларды пайдалану және қорғау саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың тетігі:

- 1) трансшекаралық әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін қызметті жүзеге асыру кезінде трансшекаралық суларды олардың трансшекаралық сипатын ескере отырып, ақылға қонымды және әділ түрде пайдалануды қамтамасыз етуді;
- 2) трансшекаралық суларды экологиялық жағынан негізделген түрде және ұтымды басқару, қоршаған ортаны сақтау және қорғау негізінде пайдалануды;
- 3) ластауды қоршаған ортаның басқа құрамдас бөліктеріне ауысуға әкелмеуге тиіс болатын трансшекаралық суларды ластауды тыю, оны болғызбау, шектеу және қысқарту жөніндегі шараларды;
- 4) трансшекаралық әсер етуден бұзылған экологиялық жүйелерді сақтауды және, қажет болған жағдайда, қалпына келтіруді;
- 5) ағынды суларды ағызудың шекті нормаларын белгілеуді, су пайдаланудың қазіргі заманғы техникалық жетістіктеріне және экономикалық ықтимал жағдайларына сәйкес келетін су сақтаудың қатаң нормаларына бағдарлауды;

6) трансшекаралық сулар мен су объектілерінің мониторингі бағдарламаларын әзірлеу мен келісуді және оларды іске асыруға қатысуды;

7) трансшекаралық суларды басқаруға, реттеуге және қорғауға қаржылық және техникалық жағынан бірлесіп қатысуды;

8) трансшекаралық өзендердің бассейндеріндегі су шаруашылығы ахуалы туралы ақпарат алмасуды, төтенше су жағдайлары кезінде шұғыл хабардар етуді және өзара көмек көрсетуді;

9) нормативтік-құқықтық базаны бірегейлендіру, трансшекаралық суларды және оларға байланысты экологиялық жүйелерді қорғау мен қалпына келтірудің бірлескен бағдарламалары мониторингінің, оларды әзірлеудің және іске асырудың бірыңғай жүйелерін құру саласында шекаралас елдермен ынтымақтастықты, осы мақсаттар үшін халықаралық ұйымдардың қаражатын тартуды;

10) трансшекаралық сулар мен су шаруашылығы құрылыстарын бірлесіп пайдалану жөнінде іс-шаралар әзірлеуді, келісуді және жүзеге асыруды;

11) Қазақстан Республикасы бекіткен трансшекаралық суларды пайдалану және қорғау саласындағы мемлекетаралық және үкіметаралық келісімдерді бірлесіп іске асыру үшін қажет болған жағдайда трансшекаралық суларды басқару жөніндегі мемлекетаралық орган құруды;

12) трансшекаралық суларды пайдалану және қорғау жөнінде аймақтық және ұлттық деректер базасын құруды;

13) су проблемаларын шешу жөнінде бірлескен ғылыми-техникалық зерттеулер жүргізуді;

14) трансшекаралық суларды ұтымды пайдалануға және қорғауға байланысты өзге де қызметті көздейді.

144-бап. Трансшекаралық суларды пайдалану және қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың экономикалық негізі

Трансшекаралық суларды пайдалану және қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың экономикалық негізі:

1) осы су объектісінде және оған іргелес аумақта биологиялық тепе-теңдікті ұстап тұру, ұдайы молайту және сақтау мақсатында трансшекаралық суларды тиімді және ұтымды пайдалануды;

2) трансшекаралық әсер ету нәтижесінде кінәлі тарап келтірген залал үшін өтемдік жауапкершілікті;

3) пайдаланылатын су ресурстарына үлес қосып қатысу принципінде басқа мемлекеттер пайдаланатын трансшекаралық суларды басқару, реттеу және қорғау жөніндегі су шаруашылығы объектілерін біржақты пайдалануды жүзеге асыратын мемлекетке шығындарын өтеуді;

4) мемлекеттердің бірінің тиісті бекітілген халықаралық шарттардың негізінде белгіленген өзінің трансшекаралық сулар үлесін (үлесінің бөлігін) өтемдік негізде екінші мемлекетке беруін көздейді.

145-бап. Трансшекаралық суларды пайдалану және қорғау мәселелері жөніндегі дауларды реттеу

1. Қазақстан Республикасы мен басқа мемлекеттер арасындағы трансшекаралық суларды пайдалану және қорғау мәселелері бойынша даулар ізгі ниет, өзара сыйластық және тату көршілестік қатынастар негізінде келіссөздер жүргізу арқылы немесе дауға қатысушы тараптар үшін қолайлы басқа әдіспен шешіледі.

2. Келіссөздерде өзара қолайлы шешімдерге қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда, егер трансшекаралық суларды пайдалану және қорғау жөніндегі Қазақстан Республикасы бекіткен тиісті халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, су дауларын шешудің төрелік процесі орынды деп танылады.

32-тарау. Қорытынды және өтпелі ережелер

Ескерту. 32-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР-ның 2009.07.10. N 180-IV Заңымен.

145-1-бап. Өтпелі ережелер

Осы Кодекстің 125-бабының 1-тармағы 2) тармақшасының ережелері су қорғау белдеулері шекараларының шегінде 2009 жылғы 1 шілдеге дейін тұрғызылған ғимараттар мен құрылыстардың пайдаланылуына қолданылмайды. Бұл ретте оларды пайдалануға ұйымдастырылған, орталықтандырылған кәріз, ластанған ағынды суларды бұрып жіберудің және тазалаудың өзге жүйесі немесе ішіндегі заттарды әкетуді қамтамасыз ететін су өтпейтін науалар болған кезде ғана жол беріледі.

Ескерту. 145-1-баппен толықтырылды - ҚР-ның 2009.07.10. N 180-IV Заңымен.

146-бап. Осы Кодексті қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Кодекс ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1993 жылғы 31 наурыздағы Қазақстан Республикасының Су кодексі (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 7, 149-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 22, 408-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; 2001 ж., N 3, 20-құжат; N 24, 338-құжат);

"Қазақстан Республикасының Су кодексін күшіне енгізу туралы" 1993 жылғы 31 наурыздағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 7, 150-құжат).

*Қазақстан Республикасының
Президенті*